## Мемлекеттік сатып алу жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттаманы бекіту туралы

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі 1999 жылы 24 ақпан N 22 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 26.04.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 740. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 31 қазандағы N 8 бұйрығымен

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі туралы Ереже негізінде және мемлекеттік мекемелердің конкурстық құжаттама мен мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды дайындау тәртібін бір жүйеге келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Конкурстық өтінімдерді дайындау жөніндегі және тауарларды немесе қызмет көрсетулерді сатып алу жөнінде ашық немесе жабық конкурс өткізу жөніндегі ықтимал өнім берушілер үшін үлгілік нұсқаулық;

2) Тауарларды немесе қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт;

3) Конкурстық өтінімдерді дайындау жөніндегі және жұмыстарды сатып алу жөнінде ашық немесе жабық конкурс өткізу жөніндегі ықтимал өнім берушілер үшін үлгілік нұсқаулық;

4) Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт бекітілсін.

2. Конкурстық құжаттаманы дайындағанда және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқанда мемлекеттік мекемелер осы Үлгілік нұсқаулықтар мен шарттарды басшылыққа алсын.

3. Осы Үлгілік нұсқаулықтар мен шарттар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сатып алу
жөніндегі Агенттігі
Төрағасының
1999 жылғы 24 ақпандағы
N 22 бұйрығымен бекітілген

**Конкурстық өтінімдерді дайындау және тауарлар немесе қызмет көрсетулерді сатып алу жөніндегі ашық немесе жабық конкурс өткізу бойынша ықтимал өнім берушілер үшін**
**Үлгілік нұсқаулық**

Осы конкурстық өтінімдер дайындау және тауарлар немесе қызмет көрсетулерді сатып алу жөнінде ашық немесе жабық конкурс өткізу бойынша ықтимал өнім берушілер үшін Үлгілік нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысымен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес әзірленген. Конкурсты ұйымдастырушы осы Нұсқаулықты пайдалана отырып, өзі өткізетін әр конкурсқа нұсқаулық дайындап бекітеді. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы Нұсқаулықта курсивпен көрсетілген түсініктемелерді конкурстың түріне, сатып алынатын тауарлар/қызмет көрсетулер түрлеріне және басқа да конкурсты өткізудің шарттарына байланысты толтыру керек.

## 1. Кіріспе

## 1. Конкурстың нысанасы

1. (Тауардың немесе қызмет көрсетудің атауы көрсетіледі) сатып алу жөнінде (ашық немесе жабық) конкурсты өткізу жөніндегі осы нұсқаулық ықтимал өнім берушілерге олардың конкурсқа қатысуының шарттары туралы толық ақпарат беру мақсатында дайындалған.

2. Конкурс (қай ведомство үшін конкурс өткізіледі, сол ведомствоның атауын көрсету керек) үшін (тауардың немесе қызмет көрсетудің атауы көрсетіледі) өнім берушілерді анықтау мақсатында өткізіледі. Сатып алынатын тауарлардың/көрсетілуге тиісті қызметтердің толық тізбесі осы Нұсқаулықтың 1-ші қосымшасында келтірілген.

3. (Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы) конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

## 2. Қаржыландыру көзі және төлемнің базалық шарттары

4. Тапсырысшы сатып алу үшін (қандай қаражаттар қолданатынын көрсету керек: республикалық немесе жергілікті бюджеттің, займдар немесе гранттардың , т.б.) қаражаттарын қолданады.

5. Төлемнің базалық шарттары: Тапсырысшыға қолайлы және мемлекеттік сатып алуды қаржыландыру жөніндегі заңдылықпен белгіленген төлемнің шарты көрсетіледі (алдын ала төлем, ішінара төлем немесе тауарды жеткізу (қызметті көрсету) фактісі бойынша төлем Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бюджет қаражаттары лимитінің бөліну шамасымен).

6. Ықтимал өнім беруші төлемнің балама шарттарын ұсына алады, бұл жағдайда ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде бағаның қандай шегермесін ұсына алатынын көрсету керек.

## 3. Ықтимал өнім берушілердің құқықтылығы және біліктілігі

7. Конкурсқа барлық ықылас білдірген өндіріспен айналысатын және/немесе ( тауардың немесе қызметтердің атауы көрсетіледі) жүзеге асыратын/көрсететін, сапалық талаптары Техникалық маманданымда (техникалық маманданым - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сипаттамасы және қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар мен халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда, талап етілетін техникалық және сапалық сипаттамалар) белгіленген (осы Нұсқаулықтың 2-ші қосымшасы) (сатып алынатын тауардың немесе қызметтердің атауы көрсетіледі) жеткізуге/көрсетуге кепілдік беретін, ықтимал өнім берушілер (Қазақстан Республикасы территориясында сатып алынатын тауарлар немесе қызмет көрсетулердің бәсекелестік нарығының бар болғанында, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 10 бабының 4 тармағына сәйкес, конкурсқа тек отандық ықтимал өнім берушілер ғана қатынасатыны көрсетіледі) қатынаса алады.

8. Конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 10 бабының 1 тармағында аталған біліктілік талаптарына сәйкес болу керек.

9. Конкурстық комиссияның отырыстарына ықтимал өнім берушінің ресми өкілі қатынаса алады. Ықтимал өнім берушінің өкілінің өкілеттері жазбаша сенімхат түрінде бекітілу тиіс.

## 4. Орындалуға тиісті ілеспе қызмет көрсетулер

10. (Ықтимал өнім берушілер орындауға жататын ілеспе қызмет көрсетулер көрсетіледі. "Ілеспе қызмет көрсетулер" дегеніміз ықтимал өнім беруші

орындауға жататын тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін қызметтерді, мысалы, тасымалдау мен сақтандыру сияқты және басқа, көмекші, қызметтерді, мысалы, құрастыру, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және басқа да осындай қызмет түрлерін білдіреді).

## 2 тарау. Конкурстық құжаттама

### 1. Конкурстық құжаттамалардың мазмұны

11. Конкурсты өткізу туралы хабарландырудан басқа (жабық конкурс өткізген жағдайда - ескертулер) Конкурстық құжаттамаға:

1) осы нұсқаулық;

2) сатып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулердің тізбесі (1-ші қосымша ) (тауарлардың немесе қызмет көрсетулердің көлемі жөнінде ақпарат, тауарларды немесе қызмет көрсетулерді жеткізетін орны, тауарды немесе қызмет көрсетулерді жеткізу мерзімі мен шарттары);

3) техникалық маманданым (2-ші қосымша) (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сипаттамасы және қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар және халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда, талап етілетін техникалық және сапалық толық сипаттамалар);

4) шарттың жалпы жағдайлары (3-ші қосымша);

5) шарттың ерекше жағдайлары (4-ші қосымша) (мемлекеттік сатып алу жөніндегі шартты орындау үшін тапсырысшы талап ететін ерекше жағдайлар);

6) конкурсқа қатысуға Өтінім нысаны (5-ші қосымша);

7) ықтимал өнім берушінің біліктілігі туралы Мәлімет нысаны (6-шы қосымша);

8) Бағалар кестесінің нысаны (7-ші қосымша);

9) Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің нысаны (банктік кепіл) (8-ші қосымша);

10) Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны (банктік кепіл) (9-шы қосымша) (егер шарттың орындалуының қамтамасыз ету көзделмесе, бұл тармақшаны шығарып тасталады) жатады.

12. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама мен оның қосымшаларындағы барлық нұсқаулықтарды, нысандарды, шарттар мен техникалық маманданымдарды зерделеп шығу керек. Ықтимал өнім берушінің конкурстық құжаттамада сұранатын ақпараттарды толық білмеуі, немесе

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық өтінімді ұсынуы ықтимал өнім берушіге қауіпті және оның конкурстық өтінімін шеттетуге мүмкіндік туғызады (оның ұсынысынан бас тартуға).

13. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін дайындау мен ұсынуға байланысты барлық шығындарды көтереді, ал конкурсты ұйымдастырушы мен конкурстық комиссия, конкурстың өтуіне немесе нәтижесіне қарамай, бұл шығындар жөнінде ешбір жағдайда жауап тартпайды және міндеттелмейді.

14. Конкурстық құжаттама пакетінің құны ______ теңгеге теңеледі. Конкурстық құжаттама пакетінің құны конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамаларды дайындау, басып шығару мен жіберуіне кеткен шығындарынан аспау керек. Егер конкурстық құжаттамалар берілгені үшін төлемақының алынуы көзделмесе, онда бұл тармақ "Конкурстық құжаттама тегін беріледі" деген редакцияда беріледі).

## 2. Конкурстық өтінімнің түсініктемелері

15. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы сұрату салуға (жазбаша) құқылы, бірақ ол осы Нұсқаулықтың 40 тармағында аталып өткендей, конкурстық өтінім берудің соңғы мерзімі біткенге дейінгі 10 күннен кешіктірмеуі тиіс.

## 3. Конкурстық құжаттамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

16. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің жеке бастамасымен, немесе қандай да бір ықтимал өнім берушінің тарапынан түскен түсіндірме беру туралы сауалға жауап ретінде толықтыруды басып шығару арқылы конкурстық құжаттаманы өзгертуге құқылы.

17. Конкурсты ұйымдастырушы бұл толықтыруды конкурстық өтінім берген барлық ықтимал өнім берушілерге дереу хабарлайды және ол толықтырудың мұндай ықтимал өнім берушілер үшін міндетті күші болады, бұл орайда конкурстық құжаттама берудің мерзімі ықтимал өнім берушілерге осындай соңғы толықтыру туралы хабарланған күннен бастап есептеледі.

## 3 тарау. Конкурстық өтінім

## 1. Конкурстық өтінімнің тілі

18. Ықтимал өнім берушілер дайындаған конкурстық өтінім, сондай-ақ конкурстық өтінімге қатынасты түгел корреспонденция мен құжаттар осы

конкурстық құжаттама әзірленген тілде дайындалып ұсынылады. Ықтимал өнім беруші ұсынып отырған ілеспе құжаттама мен баспасөз басылымдары басқа тілде дайындалуы мүмкін, бірақ оларға (нотариус куәландырған) сәйкес тараулардың конкурстық өтінімдердің тілінде нақтылы аудармасы болған жағдайда, және бұл жағдайда конкурстық өтінімді дұрыс пайымдау мақсатында, мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылған құжаттар басымдылау болады ( конкурстық құжаттама мемлекеттік және орыс тілінде, ал халықаралық конкурстар өткізілген жағдайда - Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңына сәйкес дайындалады).

## 2. Конкурстық құжаттаманың мазмұны

19. Ықтимал өнім беруші дайындаған конкурстық өтінімде келесі құрамдас бөліктер болу керек:

1) конкурсқа қатысуға өтінім;

2) ықтимал өнім берушінің құқылығы мен біліктілігін растайтын құжаттар;

3) тауарлар мен қызмет көрсетулердің сатып алуға жарамдығын растайтын құжаттар мен олардың конкурстық құжаттамаларға сәйкестігі;

4) бағалар кестесі;

5) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету;

6) конкурстық өтінімге қол қоюға және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысуға сенімхат.

## 3. Конкурсқа қатысуға өтінім нысаны

20. Ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысу үшін өтінімді 5-ші қосымшаға сәйкес нысанда ұсынады.

## 4. Конкурстық өтінімнің бағаларының кестесі

21. Ықтимал өнім беруші 7-ші қосымшадағы нысан бойынша Бағалар кестесінде өзінің тауарлардың/қызмет көрсетулердің бірлігінің бағасын және олардың жалпы бағасын конкурстық өтініміне сәйкес беруге/көрсетуге ұсынып отырғанын көрсетуге тиіс.

22. Конкурстық өтінімнің бағасы, тауарлардың/қызмет көрсетулердің бағасына қоса:

1) осы Нұсқаулықтың 1-ші қосымшасында көрсетілген жеткізу пунктіне дейін тасымалдау шығындарды;

2) Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген түгел салықтар, баждар мен басқа да міндетті төлемдер жұмсалатын шығындарды;

3) ықтимал өнім беруші орындауға міндетті осы Нұсқаулықтың 10-шы тармағына сәйкес сақтандырудың, құрастырудың, пайдалануға берудің, техникалық көмек көрсетудің, мамандарды оқытудың және басқа осыған тектес қызмет көрсетулердің бағасын (бұл тармақша осы нұсқаулықтың 10-шы тармағына сәйкес әзірленген, егер ықтимал өнім берушінің ілеспе қызметтерді орындауы көзделмеген болса, бұл тармақ шығарып тасталады) қамтуы тиіс.

23. Ықтимал өнім берушілер ұсынып отырған бағалар мемлекеттік сатып алу жөніндегі шарттың толық орындау мерзіміне дейін бекітілген қалпында болуы және де қандай жағдай болмаса да өзгермеуі тиіс.

## 5. Конкурстық өтінім мен төлемнің валютасы

24. Отандық ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағалары теңгеде көрсетілуі тиіс.

Шетелдік ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағалы (валютаны көрсету керек, мысалы, АҚШ долларында) көрсетіледі. Осы Нұсқаулықтың 7-ші тармағына сәйкес шеттету қолданылатын болса (конкурсқа тек отандық өнім берушілер қатысқанда), осы тармақтың соңғы сөйлемін шығарып тастау керек).

25. Отандық ықтимал өнім берушілерге нақтылы төлем теңге бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің (қаржыландыру органдарының) бюджеттік қаражаттары лимитінің бөліну шамасымен жүргізіледі .

Шетелдік ықтимал өнім берушілерге нақтылы төлем Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің (қаржыландыру органдарының) бюджеттік қаражаттар лимитінің бөліну шамасымен жүргізіледі. (Валюта осы Нұсқаулықтың 24-ші тармағына сәйкес келу керек, егер осы Нұсқаулықтың 7-ші тармағына сәйкес, шеттетулер қолданылатын болса (конкурсқа тек отандық ықтимал өнім берушілер қатысқанда), осы тармақтың бұл сөйлемін шығарып тастау керек).

## 6. Ықтимал өнім берушінің құқықтылығы мен біліктілігін растайтын құжаттар тізбесі

26. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінің бөлігі ретінде, оның біліктілігі осы Нұсқаулықтың 8-ші тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын келесі құжаттарды ұсынады:

1) мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес міндеттерін орындау үшін кәсіптік білімдері, тәжірибесі, беделі, сондай-ақ қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және еңбек ресурстары бар екендігін растайтын мекеме

бланкінде, бірінші басшы қол қойған хат;

2) нотариус куәландырған құрылтайлық құжаттардың көшірмелері, шаруашылық субъекттің тіркелу туралы куәлігі мен статистикалық карточкасы;

3) куәліктердің, лицензиялардың, сертификаттардың және/немесе ықтимал өнім берушінің сатып алатын тауарларды/қызметтерді өндіруге, қайта өңдеуге және тапсыруға құқықтығын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;

4) ықтимал өнім берушінің қаржы жағдайы туралы банкіден анықтама. Бұл анықтама конкурс туралы хабарландырудың (жабық конкурс өткізетін жағдайда - ескерту уақыты) уақытының алдындағы соңғы ай бойынша беріледі;

5) оған қатынасты салық органдарының ықтимал өнім берушінің міндетті салық төлемдері мен басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдердің анықтамасы. Бұл анықтама конкурс туралы хабарландырудың (жабық конкурс өткізетін жағдайда - ескерту уақыты) уақытының алдындағы соңғы ай бойынша беріледі;

6) 6-шы қосымшадағы нысан бойынша ықтимал өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер.

## 7. Тауарлардың/қызметтердің сатып алуға жарамдылығын растайтын құжаттардың тізбесі және олардың конкурстық құжаттамаға сәйкестігі

27. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінің бөлігі ретінде тауарлардың/қызметтердің сатып алуға жарамдылығын растайтын құжаттардың тізбесін және олардың конкурстық құжаттамаға сәйкестігін растайтын келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа қосылған (2-ші қосымша) Техникалық маманданымға сәйкес келетін, ұсынылған тауарлардың техникалық маманданымы;

2) тауарды өндіру жөніндегі анықтама;

3) сапа куәлігі.

28. Тауарлардың/қызметтердің конкурстық құжаттамаға сәйкестігін растайтын құжатты мәтін, сызба және мәліметтер түрінде ұсынуға болады және де ол:

1) тауарлардың/қызметтердің негізгі техникалық және эксплуатациялық сипаттамаларының егжей-тегжейлі жазылуын;

2) барлық ресурстар мен қосалқы бөлшектердің, арнайы және т.б. құралдардың үздіксіз жұмыс істеуіне қажетті қолданылып жүрген бағаларын қосқан егжей-тегжейлі тізбені;

3) конкурсты ұйымдастырушы ұсынған тауарлардың/қызметтердің техникалық маманданымдарға қажетті сәйкестікті көрсететін, немесе

Техникалық маманданымда қойылған талаптардан шеттетулер мен айрықшалықтар көрсететін (2-ші қосымша) түсініктемелерді қамтиды.

## 8. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

29. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін ( конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрін белгілеу керек: ақшадай қаражаттар, банктік кепіл, құнды қағаздар, кепілдік мүлік) түрде, ықтимал өнім беруші ұсынып отырған тауарларды/қызметтерді жеткізудің жалпы сомасынан аспаған отырған тауарларды/қызметтерді жеткізудің жалпы сомасынан аспаған мөлшерде (процент мөлшері бойынша белгілейді, 5 % аспау керек) және де конкурстық өтінімнің күшінде болу мерзімінен кем емес мерзімде енгізеді. ( Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің ең қолайлы (басқа түрлерге қарағанда, өтімді және де ресімдеу уақыты жедел) түрі болып ақшалай қаражат пен банктік кепіл табылады).

30. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудегі ақшалай қаражаттар конкурстық өтінімдерді ұсынуды аяқталудың соңғы мерзімдері өткенге дейін есепшотқа: ( шоттың нөмірі мен банк реквизиттері көрсетіледі) жіберіледі. Банктік кепіл түріндегі конкурстық өтінімді қамтамасыз ету осы Нұсқаулықтың 8-ші қосымшасындағы нысанға сәйкес ресімделеді.

31. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтініммен бірге өзінің конкурстық өтінімінің бөлігі ретінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізгенін растайтын құжаттың көшірмесін немесе банк кепілінің түпнұсқасын ұсынады. Конкурстық өтінімдері қамтамасыз етілмеген барлық конкурстық өтінімдерді конкурстық комиссия, конкурс шарттарына сай болмағандығынан, шеттетіп тастайды.

32. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Тәртіптің 39 тармағында аталған жағдайларда және Тәртіптің 40 тармағында көрсетілген мерзімдерде қайтарылып беріледі.

Конкурс жеңімпазының конкурстық өтінімді қамтамасыз етуін қайтару мемлекеттік сатып алу жөніндегі шартқа қол қойылғаннан кейінгі 5 жұмыс күні мерзімінде немесе шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейінгі 5 жұмыс күні мерзімінде жүзеге асырылады (егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделсе).

33. Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етілуі Тәртіптің 41 тармағында аталған және Заң мен Тәртіпке сәйкес басқа жағдайларда қайтарылып берілмейді.

## 9. Конкурстық өтінімнің күшінде болу мерзімі

34. Барлық ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің мерзімінің аяқталуы (күні көрсетіледі, конкурстық өтінімдерді ашу уақытынан бастап 45 күннен кем емес) күннен ерте болмауға тиіс.

## 10. Конкурстық өтінімді ресімдеу мен қол қою

35. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінім түпнұсқасы мен көшірмесін ( саны көрсетіледі) "Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы" мен "Конкурстық өтінімнің көшірмесі" деп көрсетіп дайындау және ұсыну керек. Олардың мағынасы арасында алшақтық болған жағдайда түпнұсқа басымдыққа ие болады.

36. Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен барлық көшірмелері басылып шығарылған немесе жуылып кетпейтін сиямен жазылған, ықтимал өнім берушінің қолы қойылған болу керек. Ықтимал өнім берушінің уәкілетті өкіліне конкурстық өтінімге қол қоюға және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысуға құқылық берілген сенімхаты конкурстық өтінімге қоса тіркелуі тиіс.

37. Конкурстық өтінімде, ықтимал өнім берушіге қателерді түзету, Тәртіптің 50-ші тармағында ескерілген жағдайларда қажет болған және оларды конкурстық өтінімге қол қоятын адам парафирлеген жағдайларды қоспағанда, жазылған жолдар арасына қосымша жазбалар жазылуға, өшірілуге немесе қоса жазылуға тиіс емес.

## 4 тарау. Конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінім беру
## 1. Конкурстық өтінім бар конверттерді желімдеп жабу және таңбалау

38. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін жеке-жеке конверттерге салып желімдеп, тиісінше оларды "Түпнұсқа " және "Көшірме" деп белгілеуге тиіс. Ол конверттерде ықтимал өнім берушінің атауы және мекен-жайы көрсетілуге тиіс (конкурстық өтінім "кешігіп қалған" деп жарияланған жағдайда, оны ашпай қайтару мақсатында). Осыдан кейін конверттер сыртқы конвертке салынып, жабылады.

39. Сыртқы және ішкі конверттер:

1) конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайына: (конкурсты ұйымдастырушының толық пошталық мекен-жайы көрсетіледі) бағытталуға;

2) "_______________ Сатып алу жөніндегі конкурс" (конкурстың атауы көрсетіледі) және "_______ Дейін ашылмасын" (осы Нұсқаулықтың 46 тармағына сәйкес конкурстық өтінімдерді ашудың күні, айы, жылы және уақыты көрсетіледі ) деген жазбалар болуға тиіс.

**2. Конкурстық өтінімдерді табыс ету**
**орны мен соңғы мерзімі**

40. Конкурстық өтінімдер Конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайына ( конкурсты ұйымдастырушының толық пошталық мекенжайы, бөлменің нөмірі көрсетіледі) және мерзімге (конкурстық өтінімді қабылдаудың соңғы күні, жылы, айы және уақыты көрсетіледі) дейін, сағатқа дейін - конкурстық өтінімді қабылдаудың соңғы күні.

**3. Конкурстық өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін**
**табыс етілген конкурстық өтінімдер**

41. Конкурсты ұйымдастырушы (оның сенімді өкілі) конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін табыс етілген барлық конкурстық өтінімдерді шеттетеді, ашпайды және оны ұсынған ықтимал өнім берушіге қайтарады.

**4. Конкурстық өтінімдердің өзгерістері және оларды**
**кері қайтарып алу**

42. Ықтимал өнім беруші, өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімдерін өзгерте немесе кері қайтара алады. Конкурстық өтінімнің өзгерістері де конкурстық өтінімнің дәл өзі сияқты әзірленуге, жабылуға, мөрленуге және табыс етілуге тиіс. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтарып алу туралы ескерту, егер оны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, жарамды болып табылады.
43. Конкурстық өтінімдерге конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ешқандай өзгеріс енгізілмеуге тиіс.
44. Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі мен конкурстық өтінімдердің қолдану мерзімінің аяқталу күні аралығында конкурстық өтінімдерді қайтарып алуға тыйым салынады.

**4. Конкурстық өтінімдерді табыс ету**

45. Конкурстық өтінімдер Заң, Тәртіп пен осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ұсынылуы тиіс.

**5 тарау. Конкурстық өтінімдерді ашу және бағалау**

## 1. Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді ашуы

46. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конверттерді барлық ықтимал өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ( конкурстық өтінімдерді ашу мен конкурстық комиссияның отырысын жүргізу күні, уақыты, орны көрсетіледі. Бұл уақыт пен конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі арасындағы уақыт бір сағаттан аспауы тиіс).

47. Қатысып отырған ықтимал өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері өздерінің қатысып отырғанын растап, (сағат -дан,-ден,-нан,-тен (тіркелу уақыты көрсетіледі, бұл уақыт конкурстық өтінімдерді ашу уақытынан ерте болу керек).

## 2. Конкурстық өтінімдерді алдың ала зерделеу және қарау

48. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді олардың толық тылығын, есептердегі қатенің, қажетті кепілдіктердің, құжаттардағы барлық қойылған қолдың болуын, сондай-ақ бүтіндей алғанда құжаттардың ресімделуінің дұрыстығын алдын ала зерделейді.

49. Конкурстық өтінімдердің қаралуы Заңға, Тәртіпке және осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

50. Конкурстық комиссия Заң мен Тәртіпте аталып өткен жағдайларда конкурстық өтінімді қатысудан шеттетуге құқылы. Конкурстық өтінім Заңның, Тәртіптің барлық талаптарына сәйкес емес деп белгіленіп, конкурстық комиссиямен шеттетілген жағдайда, ол одан кейін талаптарға сәйкес деп танылмауға тиіс.

## 3. Ықтимал өнім берушілердің қойылған талаптарға сәйкес болуын бағалау тәсілдері және өлшемдері

51. (Ықтимал өнім берушілердің біліктілік талаптарға сәйкес болуын бағалау өлшемдері мен тәсілдері көрсетіледі).

## 4. Конкурстық өтінімнің бағасын бір валютаға келтіру

52. Баға беру рәсімдерін жеңілдету және конкурстық өтінімдерді салыстыру үшін конкурстық комиссия конкурстық өтінімдердің әртүрлі валютамен көрсетілген барлық бағаларын (күні, жылы, айы көрсетіледі) күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасына - теңгеге аударады. (Осы Нұсқаулықтың 7-ші

тармағына сәйкес шектеулер қолданған жағдайда (конкурсқа отандық ықтимал өнім берушілердің қатысуы) бұл тармақты шығарып тастау керек).

## 5. Конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру

53. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына сай келетін ықтимал өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың барлық талаптарына сай келеді деп танылған конкурстық өтінімдерін бағалап салыстырады, ең төменгі баға негізінде және баға факторынан басқа: (Тәртіптің 54, 55 тармақтарына сәйкес конкурстық өтінімді балалау және салыстыру өлшемдері аталады), өзге де өлшемдерді ескере отырып, ұтып шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

54. 53 тармақта белгіленген бағалау өлшемдері келесі тәсілмен (конкурстық өтінімнің балалау мен салыстыру тәртібін Тәртіптің 5660 тармақтарына сәйкес конкурстық өтінімнің бағаларының шартты төмендеуі мен көтерілуінің нақты өлшемдерін (процент бойынша) көрсетіп, сипаттауға тиіс) жүргізіледі.

## 6. Басымдылық беру шарттары

55. Ұтқан конкурстық өтінімдерді айқындаған кезде, Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген тауарлар бойынша жергілікті еңбек, шикізат және өндіріс ресурстарын пайдаланудың бағалық көрсеткішінде олардың бағасының кемінде 50 % құраса, отандық ықтимал өтінім берушілер мен тауар өндірушілер, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілері, басымдыққа ие болады.

56. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарап, бағалаған кезде ұқсас тауарларды шетелден ұсынған шетелдік ықтимал өнім берушілермен салыстырғанда, отандық ықтимал өнім берушілердің тауар жеткізілімінің конкурс өтінімдерінің бағасын шартты түрде Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларды жеткізуге қосылған бағаға салынатын салықты көрсететін белгілі процентке кемітеді. (Осы Нұсқаулықтың 7-ші тармағына сәйкес шектеулер қолданған жағдайда (конкурсқа тек отандық ықтимал өнім берушілердің қатысуы) бұл тармақты шығарып тастау керек).

# 6 тарау. Жеңген конкурстық өтінімді анықтау мен шарт жасау

## 1. Жеңген конкурстық өтінімді анықтау

57. Конкурстық өтінімнің айқындалуы әрбір конкурстық өтінімнің Заң, Тәртіп пен осы Нұсқаулыққа сәйкес жалпы шартты бағасын анықтау арқылы жүзеге асырылады. Ең төмен жалпы шартты бағасы бар конкурстық өтінім ұтқан болып есептеледі.

58. Екі немесе бірнеше конкурстық өтінімдердің жалпы шартты бағалары тең болған жағдайда, пайдалану сипаттамасы мен өнімділігі неғұрлым жақсы тауарды ұсынатын конкурстық өтінімге басымдық беріледі.

59. Конкурстың қорытындылары Заң мен Тәртіпке сәйкес ресімделеді.

## 2. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасау

60. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Тәртіпте аталған тәртіп пен мерзімдерде жасалады.

61. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюшы тараптар мемлекеттік сатып алу туралы шарттың шарттарына сәйкес конкурс жеңімпазы және жеңімпаздан кейінгі артықшылықты ықтимал өнім беруші анықталғаннан кейін ешқандай өзгерістер енгізуге құқылы емес.

62. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты оны тапсырысшы қазынашылық органдарда тіркегеннен және өнім берушінің шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді (егер өнім берушінің шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізуі көзделсе).

## 3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету (бұл тарау шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда толтырылады)

63. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін (күндердің саны көрсетіледі) күндер барысында өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті (қамтамасыз етудің түрі: банктік кепіл, ақшалай қаражаттар, мүлік пен құнды қағаздар кепілдігі көрсетіледі) түрінде және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының процент мөлшерін: (5 проценттен аспай белгіленген проценті көрсетіледі) енгізу міндетті.

64. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің ақша қаражаты тапсырысшының шотына аударылады: (шоттың банктік реквизиттері мен нөмірі көрсетіледі). Сатып алу туралы шарттың банктік кепілі ретінде орындалуын қамтамасыз ету осы Нұсқаулықтың 9-ші қосымшасындағы нысанға сәйкес ресімделеді.

65. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тапсырысшы, егер мерзім шартта көзделмесе, өнім беруші міндеттерін толық және тиісінше орындаған кезден бастап бес жұмыс күн ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

66. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету қайтарылмайды, егер өнім беруші:

1) тауар жеткізілу мерзімдерінің бұзғанда, (қызметтерді ұсынғанда);

2) сапасыз тауар жеткізілгенде (сапасыз қызмет көрсетілгенде);
3) шарттың басқа да шарттарын бұзғанда.

1-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің тізбесі**

```
----------------------------------------------------------------
N!Тапсы.!Тауарлардың,!Тауарлардың!Өлшем!Өлшем! Тауар  !Тауар жеткі.
!рысшы.!жұмыстардың  !жұмыстардың!бірлі!бір.  !жеткізі.  зілімі,жұмыс
!шы     !және қызмет !және қызмет!гі    !лігі-!лімі жұ.! орындау,қыз.
!атауы  !көрсетулер. !көрсетулер-!      !нің   !мыс орын!мет көрсету
!       !атауы       !дің қысқаша!      !саны  !дау,қыз.!базисі
!       !            !сипаттамасы *     !(тұ-  !мет көр.!
!       !            !           !      !тыну  !сету    !
!       !            !           !      !келе-!мерзімі  !
!       !            !           !      !мі)   !        !
----------------------------------------------------------------
1!  2   !     3      !     4     !  5   !  6   !   7    !    8
----------------------------------------------------------------
!       !            !           !      !      !        !Бұл бағанда
!       !            !           !      !      !        !тауар жеткі.
!       !            !           !      !      !        !зілімінің/
!       !            !           !      !      !        !қызмет көрсе.
!       !            !           !      !      !        !тудің,тауар.
!       !            !           !      !      !        !дың жеткізу
!       !            !           !      !      !        !нүктесі неме.
!       !            !           !      !      !        !се көрсету.
!       !            !           !      !      !        !дің орны
!       !            !           !      !      !        !көрсетіледі
----------------------------------------------------------------
```

* Тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетудің толық сипаттамасы техникалық мамандануымда көрсетіледі - 2 қосымша

*Конкурсты ұйымдастырушы басшысының аты-жөні мен қолы*

М.О.

2 қосымша

**Техникалық маманданым**

(Конкурсты ұйымдастырушы бұл техникалық маманданымда талап етілетін сатып алынатын тауарлардың немесе қызмет көрсетулердің техникалық және сапалық сипаттамасын және қажетті маманданымдардың жоспарлардың, сызбалардың, нобайлар мен халықаралық немесе ішкі стандарттарға сай келетін тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамаларын беруі тиіс. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы осы техникалық маманданымда тапсырысшыға тауарды тексеру мен сынаудың қай түрі қажет екендігі мен олар қай жерде өткізілетіні көрсетіледі).

3 қосымша

**Шарттың жалпы шарттары**

**1.Терминдері(арнайы сөздер)**

1. Осы шартта төменде аталатын арнайы сөздер төмендегідей түсінік беруді қамтиды:

1) "Шарт" Тапсырысшы мен Өнім берушінің арасындағы қол жеткен және барлық қосымшалары мен толықтыруларына, сондай-ақ шартта сілтемесі бар түгел құжаттарға тараптар қол қойған жазбаша нысанда бекітілген келісімді білдіреді;

2) "Шарттың бағасы" Шарт шеңберінде Өнім берушіге өзінің шартты міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленетін бағаны білдіреді;

3) "Тауарлар" Өнім беруші Шарт шеңберінде Тапсырысшыға жеткізетін техниканы, құрал-жабдықтарды, тауарлар мен ілеспе қызметтерді білдіреді;

4) "Ілеспе қызметтер" осы Шартпен көзделген құрастыру, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және басқа да осы тектес Өнім берушінің міндеттерін қоса алғанда, тасымалдау мен сақтандыру және өзге де көмекші қызметтер сияқты Тауарларды қамтамасыз ететін қызмет көрсетулерді білдіреді;

5) "Тапсырысшы" конкурс ұйымдастырушының сатып алуды ұйымдастыратын мекемені білдіреді;

6) "Өнім беруші" Шарттың шарттарында көрсетілген тауарлардың (қызмет көрсетулердің) жеткізілімін жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлғаны білдіреді.

**2. Шығарушы ел**

2. Осы Шарттың шеңберінде ұсынылатын түгел Тауарлар немесе Қызметтер, конкурс шарттарында көрсетілгендегі елдер территорияларынан шығуға тиіс.

3. Тауарлар мен қызметтердің шығарушысы Өнім берушінің мемлекеттік қатынастығынан бөлек болу мүмкін.

## 3. Стандарттары

4. Осы Шарттың шеңберінде ұсынылатын Тауарлар немесе Қызметтер, Техникалық маманданымдарда (ықтимал өнім берушілер үшін Нұсқаулықтың 2 қосымшасы) көрсетілген стандарттарға сай немесе одан жоғары болу керек.

## 4. Шарттық құжаттама мен ақпаратты пайдалану

5. Өнім беруші Тапсырысшының алдын ала жазбаша келісімінсіз, Тапсырысшының өзі осы Шартты орындауға шақырылған персоналдан басқа, кімге де болса Шарттың қай бір ережелерін, сондай-ақ техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, нобайлар мен үлгілердің және Тапсырысшы немесе оның атынан өзге тұлғалар ұсынған ақпараттың мазмұнын ашуға болмайды.

6. Өнім беруші, Тапсырысшының алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталып өткен құжаттарды немесе ақпаратты, Шарттың жүзеге асырылуы мақсатынан басқа, пайдаланбауға тиіс.

## 5. Техникалық бақылау мен сынақтар

7. Техникалық маманданымда көзделсе, Тапсырысшы немесе оның өкілдері Тауарларға олардың Техникалық маманданымға сәйкестігін растайтын, техникалық бақылау және/немесе сынақтар өткізе алады. Бұл сынақтардың барлық шығындарын Өнім беруші көтереді. Техникалық маманданымда тексеру мен сынақтың қандай түрлері Тапсырысшыға қажет екені, сондай-ақ олардың қай жерде өткізілетіні көрсетіледі. Тапсырысшы осы мақсатқа арналған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде және дер кезінде Өнім берушіні хабардар етеді.

8. Техникалық бақылау мен сынақ Өнім берушінің немесе қосалқы мердігерлердің территориясында, жеткізілім орнында және/немесе Тауарлардың түпкі бағытында өткізіле алады. Егер олар Өнім берушінің немесе қосалқы мердігерлердің территориясында өткізілсе, Тапсырысшының инспекторларына сызбалар мен өндірістік ақпараттарды қолдануға мүмкіндікті қосып алғанда, түгел керекті қаражаттар беріледі де Тапсырысшының жағынан ешқандай қосымша шығындарсыз, жәрдем көрсетіледі.

9. Егер техникалық бақылау мен сынақтарды өткен тауарлар Техникалық маманданымға сай болмаса, Тапсырысшы олардан бас тартуға құқылы, содан кейін Өнім беруші сапасыз Тауарды ауыстырады немесе Техникалық маманданымның талаптарына сәйкес, Тапсырысшы жағынан ешқандай қосымша шығындарсыз, тиісті өзгертулер енгізеді.

10. Жоғарыда аталған бір де бір тармақ Өнім берушіні осы Шарт бойынша кепілдіктерінен немесе басқа міндеттерден босатпайды.

## 6. Буып-түю

11. Өнім беруші Тауарды, оның ықтимал өнім берушілер үшін Нұсқаулықтың 1 қосымшасында көрсетілген түпкі бағытына жеткенше тасымалдағанда зақымдалудан немесе бұзылудан қорғайтын буып-түюін қамтамасыз етуді міндетті. Буып-түю интенсивтік көтергіш-тасымалдаулық өңдеу мен экстремалдық температуралардың әсерін, тасымалдау кезіндегі, сондай-ақ ашық сақталынғанда пайда болған тұздар мен жауын-шашын әсерлерін ешқандай шектеусіз шыдап көтеру керек. Буып-түйілген жәшіктердің габариттері мен олардың салмағын анықтағанда түпкі бағдардың алыстығы мен Тауардың бағдарының барлық нүктелерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың бар болғанын ескеру керек.

12. Жәшіктердің буып-түйілуі мен белгілеуі, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттама Тапсырысшы белгілеген арнайы талаптарға қатаң сәйкес болуы тиіс.

## 7. Жеткізілім мен құжаттама

13. Сатып алынатын Тауарлар/Қызметтер Тізбесінде (1-ші қосымша) аталған Тапсырысшының шарттарына сәйкес Өнім беруші тауарларды жеткізуді төмендегідей жүзеге асырады:

а) шетелден жеткізілетін тауарлар үшін:

Өнім беруші тауарды жөнелткеннен кейін Тапсырысшы мен сақтандыру компаниясын телекс немесе факс арқылы Шарттың нөмірін, тауардың сипаттамасын, санын, кемесін, коносамент нөмірі мен оның күнін (айын, жылын) , порты мен жөнелткен күнін (айын, жылын), жүкті түсіру портын және т.б. қоса, тасымалдаудың түгел егжей-тегжейі туралы хабардар етуі тиіс. Өнім беруші Тапсырысшыға келесі құжаттаманы жіберуі тиіс:

1) Тауарлардың сипаттамасы, саны көрсетілген, Тауардың бірлік бағасы мен жалпы сомасы бар Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесін;

2) Жүкті тасымалдау құжаттамасының түпнұсқасы мен 3 көшірмесін;

3) әрбір буып-түюдің мазмұны көрсетілген Тауарды буып-түю парағының көшірмесін;

4) Сақтандыру сертификатын;

5) Жасаушының немесе Өнім берушінің Кепілдік сертификатын;

6) өкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау өткізгені туралы куәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында (егер мұндай жағдай орын алған болса) өткізілген техникалық бақылау жөнінде есебін;

7) Тауардың шығарылуы жөнінде сертификатын.

Тапсырысшы, Тауардың портқа немесе жеткізу нүктесіне келгенге дейін ең болмағанда бір апта бұрын жоғарыда аталған құжаттарды алу керек, ал оларды алмаған күнде Өнім беруші бұған байланысты түгел шығындарға жауапкершілік тартады.

б) Жергілікті тауарлар үшін:

1) Тауарлардың сипаттамасы, саны көрсетілген, Тауардың бірлік бағасы мен жалпы сомасы бар Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесін;

2) жүкті тасымалдау құжаттамасы, теміржол квитанциясы немесе автокөліктік жүк квитанциясын;

3) Жасаушының немесе Өнім берушінің Кепілдік сертификатын;

4) өкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау өткізгені туралы куәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында (егер мұндай жағдай орын алған болса) өткізілген техникалық бақылау жөнінде есебін;

5) Тауардың шығарылуы жөнінде сертификатын.

## 8. Сақтандыру

14. Шарт бойынша жеткізілетін тауарлар, олардың жасалуы, сатып алуы, тасымалдауы, сақталуы мен жеткізілуіне байланысты теңге түрінде (немесе еркін конвертацияланатын валютада) толық сақтандырылуы (қажетті сақтандыру түрі көрсетіледі) тиіс. Сақтандыру полисінде Тапсырысшы Өнім берушімен бірге сақтандыру компаниясынан өтемақы алатын тарап ретінде аталуы керек.

15. Сақтандыру Шарттың сомасының "қоймадан қоймаға дейін", барлық әскери әрекеттер мен ереуілдерді қосқанда, "барлық қауіптерден" сақтандырғанда, 110 % мөлшерінде болу керек.

## 9. Тасымалдау

16. Өнім беруші Тауарларды ықтимал өнім берушілер үшін Нұсқаулықтың 1 қосымшасында көрсетілген түпкі нүктесіне дейін жеткізуі тиіс. Тауарлардың

бағдарының түпкі нүктесіне дейін Өнім беруші тасымалдайды да төлемін жасайды, ал бұған байланысты шығындар Шарттың бағасына кіреді.

## 10. Ілеспе қызметтер

17. Осы Шарттың шегінде Өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген қызметтерді ұсынуы тиіс.

18. Ілеспе қызметтердің бағалары Шарттың бағасына енгізілуі тиіс.

## 11. Қосалқы бөлшектер

19. Өнім берушіден Тапсырысшы Өнім беруші өндіретін немесе сататын қосалқы бөлшектер келесі ақпарат талап ете алады, атап айтқанда, Тапсырысшы Өнім берушіден сатып алу үшін таңдап алып, кепілдік мерзімі біткеннен кейін қолданатын қосалқы бөлшектердің бағасы мен номенклатурасы туралы.

20. Өнім беруші өзінің қосалқы бөлшектерді өндіруді тоқтатқан жағдайда міндетті:

а) Тапсырысшыға қажетті сатып алулар жасап алуға мүмкіндік беру үшін, оны алдағы өндірістің жабылуы туралы алдын ала ескертуге;

б) өндірісті тоқтатқаннан кейін, қажетті жағдайда, Тапсырысшыға жоспарлар, сызба мен қосалқы бөлшектердің техникалық құжаттамасын тегін беруге.

## 12. Кепіл

21. Өнім беруші, егер Шарт бойынша өзге көзделмесе, Шарт шеңберінде қойылған тауарлардың жаңа болуына, қолданылмағандығына, жаңа үлгідегі немесе барлық конструкция модификациялары мен материалдардың соңғы сериялық үлгілері екендігіне кепілдік береді. Одан кейін Өнім беруші осы шарт бойынша қойылған Тауарлар конструкциялардың, материалдардың немесе жұмыстардың нормаға сай болуына, Тапсырысшы елінің нормаларына сай қолданылғанда ақаулықтары болмайтынына кепілдік береді. Өнім беруші Тапсырысшы ұсынған Техникалық маманданымды қатаң қолдана отырып жасалған конструкцияларда, материалдарда ақаулықтар шыққанда, Өнім беруші Тапсырысшы жіберген қателіктерге жауапкершілік тартпайды.

22. Бұл кепіл тауардың барлық партиясы жеткізілгеннен кейін немесе тиісті жағдайға байланысты олардың түпкі бағдарында қабылдап алғанға дейін ________ мерзімде күшін сақтайды (кепіл мерзімі Шарттың Ерекше шарттарында көрсетіледі).

23. Тапсырысшы Өнім берушіні жедел түрде жазбаша осы кепілге байланысты қойылған барлық талаптар туралы ескерту тиіс.
24. Өнім беруші осындай ескерту алғаннан кейін сапасыз Тауарды немесе оның бөлшектерін Тапсырысшы жағынан ешқандай шығынсыз мейлінше жедел ауыстыруға міндетті.
25. Егер Өнім беруші ескертуді алып, Тапсырысшы талап еткен мерзімдерде ақаулықтарды түзетпесе, Тапсырысшы Өнім берушінің Шарт бойынша басқа да құқықтарына зиянын тигізбей, Өнім берушінің есебінен ақаулықтарды түзету жөнінде керекті санкциялар мен шаралар қолданыла алады.

## 13. Төлемі

26. Өнім берушіге жеткізілген Тауарлар үшін төлем Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген үлгі бойынша және мерзімде жүргізіледі.

## 14. Бағалар

27. Тапсырысшының Шартта көрсетілген бағалары Өнім берушінің конкурстық өтінімінде көрсетілген бағаларына сәйкес келу керек.

## 15. Шартқа өзгерістер енгізу

28. Шарттың құжаттарына, екі жақ қол қойған жазбаша өзгерістерден басқа, ешқандай шеттетулер мен өзгерістер (сызбалар, жобалар немесе техникалық мамандандырымдар, жөнелту тәсілі, буып-түю, жеткізу орны немесе Өнім беруші ұсынатын қызметтер және т.б.) енгізуге болмайды.
29. Егер қандай да болса өзгерістер бағаның немесе Шарт бойынша тауарлардың әрбір бөлшегін жеткізу үшін Өнім берушіге қажетті мерзімдердің төмендеуіне әкелетін болса, Шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі, немесе екеуі де (баға мен мерзімі) керекті түрде түзетіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Осы Тарау шегінде жасалатын түзетулер бойынша Өнім берушінің барлық сұраулары Тапсырысшыдан өзгертулер туралы өкімін алғаннан кейін 30 ( отыз) күннің ішінде ұсынылуы тиіс.

## 16. Құқықтарын тапсыру

30. Өнім беруші осы шарт бойынша Тапсырысшының алдың ала жазбаша келісімінсіз толық түрінде де, бөлектеп те өзінің міндеттерін өзгеге тапсыруға тиіс емес.

## 17. Мердігерлік шарттар

31. Өнім беруші Тапсырысшыға, егер бұл конкурстық өтінімде аталып өтсе, осы Шарт шегінде жасасқан барлық мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсыну керек. Мердігерлердің бар болғаны Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

32. Мердігердің шыққан елі Өнім беруші елінің ережелерін басшылыққа алады.

## 18. Өнім берушінің Шартты орындауын кешіктіру

33. Тауарларды жеткізу мен Қызмет көрсетулерді ұсынуды Өнім беруші Бағалар кестесінде көрсетілгендей жүзеге асыру тиіс.

34. Өнім беруші тарабынан жеткізілімді кешіктіру оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкелуі мүмкін: Шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалу арқылы Шартты жоюға немесе айып төлетуге.

35. Егер Шартты орындау барысында, Өнім беруші немесе оның мердігер(-лері) Тауарды уақытында жеткізу барысында кез келген уақытта кедергі жасайтын жағдайлармен кездессе, Өнім беруші Тапсырысшыға мейлінше тез бөгет болған факті, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша ескерту жіберуі тиіс. Тапсырысшы Өнім берушіден ескерту алғаннан кейін жағдайға баға беріп, өзінің қарауынша, Өнім берушінің Шартты орындау мерзімін ұзартуға құқылы; бұл жағдайда мұндай ұзарту Шарт мәтініне түзетулер енгізу арқылы тараптармен бекітілуі тиіс.

## 19. Орны толатын шығындар

36. Форс-мажорлық жағдайлардан басқа, Өнім беруші Шартта көзделген мерзімдерде Тауарларды жеткізе алмаған немесе қызмет көрсете алмаған жағдайларда, Тапсырысшы Шарт шегінде өзінің өзге құқықтарына зиянын тигізбей, Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген соманы, айып төлемі түрінде Шарттың бағасынан кемітеді.

**20. Шарттың шарттары орындалмауы себебінен Шартты бұзу**

37. Тапсырысшының, Өнім берушіге міндеттерін орындамағаны туралы жазбаша ескерту жіберіп, Шарттың шарттары бұзылғаны үшін басқа да санкцияларға зиян келтірмей, осы Шартты толық немесе бөлектеп бұзуға мүмкіндігі бар:

а) егер Өнім беруші Тауардың бөлшегін немесе барлығын Шартта көзделген мерзімде(-рде) немесе Шарттың ұзартқан мерзімі барысында жеткізе алмаса;

б) егер Өнім беруші Шарт бойынша өзінің басқа да міндеттерін орындай алмаса.

**21. Форс-мажор**

38. Өнім беруші өзінің Шартты орындауын қамтамасыз етуінен айырылмайды және айып төлеміне немесе Шарттың бұзылуына жауапкершілік тартпайды, егер Шарттың шарттарын орындауға кедергі болып форс-мажорлық жағдайлар табылса.

39. Осы тараудың мақсаты үшін "форс-мажор" - Өнім беруші тарабының бақылауына тәуелсіз, Өнім берушінің жаңылысуына немесе салақтығына байланыссыз күтпеген тұтқиыл жағдайды білдіреді. Мұндай жағдайлар: әскери әрекеттерді, табиғи немесе зілзала нәубеттерді, эпидемия, тауарға салынған карантин мен эмбаргоны білдіреді, бірақ бұл әрекеттермен шектелмеуі мүмкін.

40. Форс-мажорлық жағдайлар туғанда, Өнім беруші мейлінше кешіктірмей Тапсырысшыға осындай жағдайлар мен оның себептері туралы жазбаша ескерту жіберуі тиіс. Егер Тапсырысшыдан өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін неғұрлым орынды атқара береді де, Шарттың Орындалуы үшін форс-мажорлық жағдайлардан тәуелсіз балама тәсілдер іздестіреді.

**22. Төлеуге қабілеттігі болмағандықтан Шарттың бұзылуы**

41. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Өнім берушіге қажетті жазбаша ескерту жібере отырып, Тапсырысшы кез келген уақытта Шартты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарттың бұзылуы дереу жүргізіледі, егер Шарттың бұзылуы Тапсырысшыға зиянын келтірмесе, немесе іс-әрекет жүргізудегі қандай да болсын құқығына әсерін тигізбесе, Тапсырысшыға

санкциялар қолданылмаса, Тапсырысшы Өнім беруші жөнінде ешқандай қаржылық міндеттер атқармайды.

## 23. Шарттың мақсаттарға сәйкес болмауына байланысты бұзылуы

42. Тапсырысшы, Шарттың мақсатқа сай болмағандығынан, кез келген кезде Өнім берушіге жазбаша ескерту жіберіп, оны бұзуға мүмкіндігі бар. Ескертуде Шартты бұзу себебі, Шарттық міндеттердің көлемі айтылып өту керек, сонымен қатар Шарттың бұзылуы қай күннен бастап күшіне енетіні көрсетіледі.

43. Шарт осындай жағдайлармен күшін жойған кезде, Өнім беруші Шарттың бұзылу себептеріне байланысты, оның күшін жойған күнінен бастап тек нақты шығындар бойынша төлемін талап етуге құқылы.

## 24. Талас мәселелерді шешу

44. Тапсырысшы мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты шығатын өзара келіспеушіліктер мен барлық талас пікірлерді ресми емес тікелей келіссөздер барысында шешуге бар ынталарын салуға тиіс.

45. Егер Тапсырысшы мен Өнім беруші Шарт бойынша таласты мұндай ресми емес тікелей келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде шеше алмаса, тараптардың кез келген жағы осы мәселені Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешуді талап етуге құқылы.

## 25. Ресми тілі

46. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шарттың екінші тарабы шетелдік ұйым болса, оның екінші данасы Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңына сәйкес сол тілге аударыла алады. Шарттың арбитраж сотында қаралуы қажет болса, онда Шарттың мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылған данасы қаралады. Шартқа қатынасты тараптар алмасатын барлық хат жазысу мен басқа да құжаттамалар осы шарттарға сай болуы тиіс.

## 26. Қолданатын құқық

47. Шарт Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жасалуы тиіс.

## 27. Ескерту

48. Шарт бойынша бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген ескерту хат, жедел хат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі, одан кейін түпнұсқасы жіберіледі.

49. Ескерту жеткізілген уақыттан немесе онда көрсетілген күннен, олардың қай күні кешірек болғанға байланысты (егер Ескертуде көрсетілсе), сол күннен бастап күшіне енеді.

## 28. Салықтар мен баждар

50. Шетелдік Өнім беруші Қазақстан Республикасы шектерінде алынатын барлық салықтар, баждар, лицензиялық жиындар мен басқа да Қазақстан Республикасының шектеріндегі ұқсас жиындар үшін толық жауапкершілік тартады.

51. Отандық Өнім беруші Қазақстан Республикасы аумағында алынатын барлық салықтар, баждар, лицензиялық жиындар мен т.б. Қазақстан Республикасы аумағында алынатын жиындар үшін толық жауапкершілік тартады.

4 қосымша

**Шарттың Ерекше шарттары (Конкурсты ұйымдастырушы (Тапсырысшы) тауардың әрбір түріне бөлек толтырады)**

1. Тауарды шығарушы ел_______________________________________________
(талап етілген шығарушы елдің атауы)

2. Тапсырысшы өткізетін Тауарлардың сынақтарының түрі______________
____________________________________________________________________
(Тапсырысшының өзі өткізетін сынақтар аталады)

3. Буып-түю тәсілі___________________________________________________
(буып-түю тәсілі көрсетіледі)

4. Жеткізу шарты____________________________________________________
(Мысалы, CIP Астана қаласы немесе франко-зауыт немесе т.б. ИНКОТЕРМС 1990-ға сәйкес)

5. Сақтандыру түрі__________________________________________________
(сақтандыру түрі көрсетіледі)

6. Кепілдік мерзімі__________________________________________________
(талап етілген кепілдік мерзімі көрсетіледі)

7. Төлемнің түрі____________________________________________________

(ақша аудару, қолма қол есеп айырысу, аккредитив және т.б.)
8. Төлемдердің мерзімі_____________________________________________
(мысалы: тауарды түпкі бағдарында қабылдағаннан кейін,
___________________________________________________________________
немесе алдын ала төлем, немесе т.б. %-і)
9. Төлемнің алдынан келетін қажетті құжаттар:______________________
(есеп-фактура немесе
___________________________________________________________________
қабылдау-тапсыру актісі, немесе с.с.)
10. Тауарды (қызмет көрсетуді) уақытында жеткізілмегені (ұсынбағаны) үшін айыптөлем сомасы_____________________________________________
(шарттың жалпы сомасының немесе әрбір өтіп кеткен күн үшін
___________________________________________________________________
нақтыланған соманың %-і көрсетіледі)
11. Шарттың тілі___________________________________________________
(шарт қай тілде жасалынатыны көрсетіледі)

Конкурсты ұйымдастырушы (тапсырысшы) Шарттың Ерекше шарттарына кірмеген кез келген басқа да шарттарды енгізуге құқылы (3-ші қосымша).

5 қосымша

Кімге_____________________________________________________________
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
Кімнен____________________________________________________________
(ықтимал өнім берушінің атауы)

**Конкурсқа қатысуға өтінім** ____________________________________
_________________________________
(конкурстың атауы)
конкурсын өткізу жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарап, оның алынғандығы осымен куәландырылады __________________________________
(ықтимал өнім берушінің атауы)
мына тауарлардың (жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер) жеткізілімін жүзеге асыруды ұсынады: _________________________________
(тауардың, жұмыстардың және ______________________________
_______________________________________
қызмет көрсетулердің егжей-тегжейлі сипаттамасы)
конкурстық құжаттамаға сәйкес, жалпы сомасы_________________________
___________________________________________________________________
(цифрлармен және жазумен)

Осы конкурстық өтінім мыналардан тұрады:

1.____________________________________________________________________

2.____________________________________________________________________

3.____________________________________________________________________

4.____________________________________________________________________

5.____________________________________________________________________

6.____________________________________________________________________

7.____________________________________________________________________

8.____________________________________________________________________

9.____________________________________________________________________

10.___________________________________________________________________

Біз, біздің конкурстық өтініміміз ұтып шыққан деп танылған ретте, тауарлар жеткізілімін (жұмыстар орындау, қызмет көрсету) __________________ күн ішінде бастауға және осы конкурстық өтінімде
( ж а з у м е н )
көрсетілген барлық тауарлардың жеткізілімін (жұмыстар орындау, қызмет көрсету), біздің конкурстық өтініміміздің ұтып шыққан деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап____________________
( ж а з у м е н )
күн ішінде аяқтауға міндеттенеміз.

Біз конкурстық құжаттамада көрсетілген төлемнің базалық ережелерімен келісеміз. Төлемнің мынадай балама ережелерін ұсынамыз: ______
________________________________________________________
(төлемнің балама ережелері, егер олар бар болса, тізіп көрсетіледі) және бұл орайда мынадай мөлшерде баға шегерімін береміз____________ ______
______________________________________________________________ ________
______________________________________________________________
(ақша түрінде көрсетіледі, жазумен)

Біздің конкурстық өтініміміз танылған ретте, біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді * шарттың жалпы сомасының ________ проценті болатын сомада енгіземіз.
( ж а з у м е н )

Осы конкурстық өтінімнің конкурстық өтінім ашылған күннен бастап _________ күн ішінде күші болады.
( ж а з у м е н )

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы конкурстық өтінім оны ұтып шыққан деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқарады.
____________________________________________ атынан және тапсыруы

(ықтимал өнім берушінің атауы)
бойынша конкурстық өтінімге қол қоюға барлық өкілеттігі бар

__________________________ __________________________
*(Қолы, күні, айы, жылы)* *(Лауазымы, аты-жөні)*
М.О.

* егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделген болса, көрсетіледі.

6 қосымша

**Біліктілік мәліметтері**
**(ықтимал өнім беруші толтырады)**

1. Қатысушының заңды статусы____________________________________________
(мемлекеттік тіркеу жөніндегі құжаттардың көшірмелері қосылады)
Тіркеу орны:_______________________________________________________________
Жұмысының негізгі орны:___________________________________________________
__________________________________________(-ға,-ге,-қа,-ке) лицензия N___
(лицензия көшірмесі қоса беріледі)
Конкурстық өтінімге қол қою құқығы мен конкурсқа қатысу құқығына уәкілетті өкілге берілген сенімхат_____________________________________
(қоса беріледі)
2. Соңғы үш жылда жеткізілген тауарлардың, көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі, теңге бойынша____________________________________________
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

3. Соңғы үш жылда бас өнім беруші ретінде (көрсетілген қызметтер) жасалған ұқсас жеткізілімдер. Бағасы теңге бойынша көрсетіледі.

| Тауардың атауы (қызмет көрсетулер) | Клиенттің атауы | Шарттың (контракттың) бағасы |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

4. Өнім беруші ұйымының маңызды лауазымдағы қызметкерлердің біліктілігі мен тәжірибесі.
_____________________________________________________________________________

| Лауазымы | Аты-жөні | Қызметтегі жалпы тәжірибесі (жыл) | Өнім беруші ретінде жұмыс тәжірибесі(жыл) |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |

5. Негізгі мердігерлер жөнінде ұсыныстар (бар болғанда)

| Бағдары немесе атауы | Мердігер (атауы, мекен-жайы, телефоны) |
|---|---|
| | |
| | |

6. Қаржы ресурстарына кіруге мүмкіндігі (ақшалай, несиелік қаражаттар және т.б.). Растайтын құжаттардың көшірмелері төменде аталып өтеді және қосылады.

___

___

7. Конкурс ұйымдастырушы ұсынымдар алу үшін хабарласа алатын қатысушының банкісінің атауы, мекен-жайы, телефонының, телекс пен телефаксының нөмірі.

___

___

8. Қатысушы кіріскен ағымдағы сот анықталулары туралы мәлімет.

| Анықталудың өзге тараптары | Таластың нысанасы | Таласқа түскен сомасы, теңге бойынша |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

9. Ұсынымдар туралы мәліметтер. Ұсыным хаттарды, басқа да заңды және жеке тұлғалардың сын-пікірлері аталып өтіп, қоса беріледі. ___

___

___

10. Өнім беруші өзінің Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының түгел біліктілік талаптарына сәйкестігін растайды.

Біліктілігім туралы барлық мәліметтерді растаймын.

*Қолы* ____________________

М.О.

*Лауазымы* _______________ _________________________

*(Аты-жөні)*

7 қосымша

**(Ықтимал өнім берушінің атауы)**
**ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің**
**Бағалар кестесі**

| | Тауарлардың, жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) атауы | |
|---|---|---|
| 1. Қысқаша сипаттама | | |
| 2. Шығарушы ел | | |
| 3. Өлшем бірлігі | | |
| 4. Бірлік бағасы,___(баратын жері) жағдайында ИНКОТЕРМС 1990 | | |
| 5. Саны көлемі | | |
| 6. Жалпы бағасы,___(баратын жері) жағдайында ИНКОТЕРМС 1990 | | |
| соның ішінде: | | |
| 6.1. Тасымалда құны | | |
| 6.2. Сақтанды құны | | |

6.3. Кеден бажын төлеу ! ! ! ______________________________

____________________________________

6.4. Салық төлеу ! ! !

______________________________________________________________________

6.5. Салық төлеу ! ! !

______________________________________________________________________

6.6. Алымдар төлеу ! ! !

______________________________________________________________________

6 . 7 . ! ! !

______________________________________________________________________

6 . 8 . ! ! !

______________________________________________________________________

7. Жинақтаушы детальдардың, ! ! !
міндетті қосалқы бөлшектердің ! ! !
және пайдаланудың бастапқы ! ! !
кезеңі ішінде өлшем бірлігіне ! ! !
қызмет көрсету құны ! ! !

______________________________________________________________________

соның ішінде: ! ! ! __________________________________

__________________________________

7.1. ! ! ! _______________________________________

______________________________

7.2. ! ! ! _______________________________________

______________________________

8. Басқа да пайдалану шығындары ! ! !

______________________________________________________________________

_________________ _____________________________

*(Қолы)* *(Лауазымы, аты-жөні)*

М.О.

8 қосымша

**Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету нысаны**
**(банктік кепіл)**

Банктің атауы:_______________________________________________________

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге:_____________________________________________________________

(конкурсты ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

**N ______ Кепілдік міндеттеме**

_________________ "____" ______________ ж.
(орналасқан жері)
Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын___________________________
______________________________________________________________
(ықтимал өнім берушінің атауы)
______________________________________________________________
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
ұйымдастырылатын ____________________________ сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысатындығынан және жалпы сомасы _________ теңге болатын
(жазумен)
______________________________________________________________
(тауардың, жұмыс пен қызметтің атауы және көлемі)
__________________________ жеткізілімді (жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді)
жүзеге асыруға әзір екендігінен хабардар болдық.

Жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі _____ ж. "__"______ конкурстық құжаттамамен ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі банктік кепілдік түрінде көзделген. Осыған байланысты біз ___________________________________ өзімізге Сіздің
(банктің атауы)
талап етуіңіз бойынша, сондай-ақ Өнім берушінің:
- конкурстық өтінімдерді тапсырудың ақырғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері шақырып алған немесе өзгерткені;
- белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймағаны;
- конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізбегені туралы жазбаша растама бойынша. Сізден төлеуге арнап алынған жазбаша талап бойынша ________________________________________________________
(сомасы цифрмен және жазумен)
сомаға тең төлеу үшін қайтарылып алынбайтын міндеттеме аламыз.

Аталған кепілдік міндеттеме конкурстық комиссияның Өнім берушінің конкурстық өтінімін қабылдауға тиісті сәтінен бастап күшіне енеді.

Аталған кепілдік міндеттеме Өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімі күшінің ақырғы мерзіміне дейін қолданылады және

бізге бұл құжаттың қайтарылғандығына не қайтарылмайтындығына қарамастан, егер Сіздің жазбаша талап етуіңізді біз осы күннің соңына дейін ала алмайтын болсақ, автоматты түрде толық күшін жояды.

Осы кепілдік міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

*Кепілдердің қолы мен мөрі* *Күні мен мекен-жайы*

**9 қосымша**

**Мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз ету нысаны (банктік кепіл)**

Банктің атауы:______________________________________________________
(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге:______________________________________________________________
(тапсырысшының атауы мен деректемелері)

**N ______ Кепілдік міндеттеме**

_________________ "____" ________________ ж.
(орналасқан жері)

Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын______________________________
____________________________________________________________________
(өнім берушінің атауы)
____________________________________________________________________
(тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетулердің сипаттамасы)
жеткізуге (орындауға, көрсетуге) арналған мемлекеттік сатып алу туралы _________ ж. N __________________ Шарт жасасқаны назарға алына отырып және осы Шартта Сіз Өнім жеткізуші Шарттың орындалуының жалпы сомасы ____ теңге болатын банктік кепіл түрінде орындауды қамтамасыз етуді енгізетіндігін көздедіңіз. Осыған байланысты біз _____________
(банктің атауы)
осы арқылы жоғарыда аталған Шарт бойынша кепіл болып табылатындығымызды растаймыз және өзімізге Сіздің талап етуіңізге тең соманы, Сізден төлеуге арналған жазбаша талап, сондай-ақ Өнім берушінің Шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны туралы жазбаша растама алынған бойда _____________
___________________төлеу үшін өзімізге қайтарып алынбайтын

(сомасы цифрмен және жазумен) міндеттеме аламыз.

Аталған кепілдік міндеттеме оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтіне дейін қолданылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

*Кепілдің қолы мен мөрі* *Күні мен мекен-жайы*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі Агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 24 ақпандағы N 22 бұйрығымен
Бекітілген

## Конкурстық өтінімдерді дайындау және жұмыстарды сатып алу жөніндегі ашық немесе жабық конкурс өткізу бойынша ықтимал өнім берушілер үшін Үлгілік нұсқаулық

Осы конкурстық өтінімдер дайындау және жұмыстарды сатып алу жөнінде ашық немесе жабық конкурс өткізу бойынша ықтимал өнім берушілер үшін Үлгілік нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысымен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес әзірленген. Конкурсты ұйымдастырушы осы Нұсқаулықты пайдалана отырып, ол өткізетін әр конкурсқа нұсқаулық дайындап бекітеді. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы Нұсқаулықта курсивпен көрсетілген түсініктемелерді конкурстың түріне, сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне және басқа да конкурсты өткізудің шарттарына байланысты толтыру керек.

## 1. Кіріспе

## 1. Конкурстың нысанасы

1. (Жұмыстың атауын көрсету керек) сатып алу жөнінде (ашық немесе жабық ) конкурсты өткізу жөніндегі осы Нұсқаулық ықтимал өнім берушілерге олардың

конкурсқа қатысуының шарттары туралы толық ақпарат беру мақсатында дайындалған.

2. Конкурс (қай ведомство үшін конкурс өткізіледі, сол ведомствоның атауы көрсетіледі) үшін (жұмыстың атауы көрсетіледі) өнім берушілерді анықтау мақсатында өткізіледі. Сатып алынатын жұмыстардың толық тізбесі осы Нұсқаулықтың І-ші қосымшасында келтірілген.

3. (Конкурсты ұйымдастырушының толық атауы) конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

## 2. Қаржыландыру көзі және төлемнің базалық шарттары

4. Тапсырысшы осы сатып алу үшін (қандай қаражаттар қолданатыны көрсетіледі: республикалық немесе жергілікті бюджеттің, заемдар немесе гранттардың, т.б.) қаражаттарын қолданады.

5. Төлемнің базалық шарттары: Тапсырысшыға қолайлы және мемлекеттік сатып алуды қаржыландыру жөніндегі заңдылықта белгіленген төлемнің шарты көрсетіледі (алдын ала төлем, ішінара төлем немесе жұмысты орындау фактісі бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бюджет қаражаттары лимитінің бөліну шамасы бойынша төлемі).

6. Ықтимал өнім беруші төлемнің балама шарттарын ұсына алады, бұл жағдайда ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде бағаның қандай шегермесін ұсына алатынын көрсету тиіс.

## 3. Ықтимал өнім берушілердің құқықтылығы және біліктілігі

7. Конкурсқа барлық ықылас білдірген өндіріспен айналысатын және/немесе (жұмыстардың атауы көрсетіледі) өндіретін/жүргізетін, сапалық талаптары Техникалық маманданымда (техникалық маманданым - сатып алынатын жұмыстардың сипаттамасы және қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар мен халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда, талап етілетін техникалық және сапалық сипаттамалар) белгіленген (осы Нұсқаулықтың 2-ші қосымшасы) (сатып алынатын жұмыстардың атауы көрсетіледі) кепілдік беретін, ықтимал өнім берушілер (Қазақстан Республикасы аумағында сатып алынатын жұмыстардың бәсекелестік нарығының бар болғанында, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 10 бабының 4 тармағына сәйкес, конкурсқа тек отандық ықтимал өнім берушілер ғана қатынасатыны көрсетіледі) қатынаса алады.

8. Конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының (бұдан әрі - Заң) 10 бабының 1 тармағында аталған біліктілік талаптарына сәйкес болу керек.

9. Конкурстық комиссияның отырыстарына ықтимал өнім берушінің ресми өкілі қатынаса алады. Ықтимал өнім берушінің өкілінің өкілеттігі жазбаша сенімхат түрінде бекітілу тиіс.

## 2 тарау. Конкурстық құжаттама

### 1. Конкурстық құжаттамалардың мазмұны

10. Конкурсты өткізу туралы хабарландырудан басқа (жабық конкурс өткізген жағдайда - ескертулер) Конкурстық құжаттамаға:

1) осы нұсқаулық;

2) сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (I-ші қосымша) (жұмыстардың көлемі жөнінде ақпарат, жұмыстарды жүргізу орны, жұмыстардың жүргізу мерзімі мен шарттары);

3) техникалық маманданым (2-ші қосымша) (сатып алынатын жұмыстардың сипаттамасы және қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар және халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда, талап етілетін техникалық және сапалық толық сипаттамалар);

4) шарттың жалпы шарттары (3-ші қосымша);

5) шарттың ерекше шарттары (4-ші қосымша) (мемлекеттік сатып алу жөніндегі шартты орындау үшін тапсырысшы талап ететін ерекше жағдайлар);

6) конкурсқа қатысуға Өтінім нысаны (5-ші қосымша);

7) ықтимал өнім берушінің біліктілігі туралы Мәлімет нысаны (6-шы қосымша);

8) Бағалар кестесінің нысаны (7-ші қосымша);

9) Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің нысаны (банктік кепіл) (8-ші қосымша);

10) Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны (банктік кепіл) (9-шы қосымша) (егер шарттың орындалуының қамтамасыз етуі көзделмесе, бұл тармақша шығарылып тасталады) жатады.

11. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама мен оның қосымшаларындағы барлық нұсқаулықтарды, нысандарды, шарттар мен техникалық маманданымдарды зерделеп шығу керек. Ықтимал өнім берушінің конкурстық құжаттамада сұранатын ақпараттарды толық білмеуі, немесе конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық өтінімді ұсынуы ықтимал өнім берушіге қауіпті және оның конкурстық өтінімін шеттетуге мүмкіндік туғызады (оның ұсынысынан бас тартуға).

12. Ықтимал өнім беруші болашақта жұмыстар жүргізетін учаске (объекті)

мен оған қосылатын территорияға барып, көріп шығуға құқылы. Ықтимал өнім беруші учаскені көріп шыққандағы өз бетімен алған ақпараты өзінің конкурстық өтінімін дайындау үшін қауіпті. Учаскені көріп шығу үшін шыққан қаржыларды ықтимал өнім беруші өз қаражатынан төлейді. Ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімін ұсынғаны, болашақ жұмыстардың тексеруден өткені мен сол шарттар онымен қабылданғанын көрсетеді.

13. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін дайындау мен ұсынуға байланысты барлық шығындарды көтереді, ал конкурсты ұйымдастырушы мен конкурстық комиссия, конкурстың өтуіне немесе нәтижесіне қарамастан, бұл шығындар жөнінде ешбір жағдайда жауап тартпайды және міндеттелмейді.

14. Конкурстық құжаттама пакетінің құны _______ теңгеге теңеледі. ( Конкурстық құжаттама пакетінің құны конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамаларды дайындау, басып шығару мен жіберуіне кеткен шығындарынан аспауы тиіс. Егер конкурстық құжаттамалар берілгені үшін төлемақының алынуы көзделмесе, онда бұл тармақ "Конкурстық құжаттама тегін беріледі" деген редакцияда берілуге тиіс).

## 2. Конкурстық өтінімнің түсініктемелері

15. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы сұрату салуға (жазбаша) құқылы, бірақ ол конкурстық өтінім берудің, осы Нұсқаулықтың 39 тармағында аталып өткендей, соңғы мерзімі біткенге дейінгі 10 күннен кешіктірмеуі тиіс.

## 3. Конкурстық құжаттамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

16. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің жеке бастамасымен, немесе қандай да бір ықтимал өнім берушінің тарапынан түскен түсіндірме беру туралы сауалға жауап ретінде толықтыруды басып шығару арқылы конкурстық құжаттаманы өзгертуге құқылы.

17. Бұл толықтыруды конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінім берген барлық ықтимал өнім берушілерге дереу хабарлайды және ол толықтырудың мұндай ықтимал өнім берушілер үшін міндетті күші болады, бұл орайда конкурстық құжаттама берудің мерзімі ықтимал өнім берушілерге осындай соңғы толықтыру туралы хабарланған күннен бастап есептеледі.

## 3 тарау. Конкурстық өтінім

### 1. Конкурстық өтінімнің тілі

18. Ықтимал өнім берушілер дайындаған конкурстық өтінім, сондай-ақ конкурстық өтінімге қатынасты түгел корреспонденция мен құжаттар осы конкурстық құжаттама әзірленген тілде дайындалып ұсынылады. Ықтимал өнім беруші ұсынып отырған ілеспе құжаттама мен баспасөз басылымдары басқа тілде дайындалуы мүмкін, бірақ оларға (нотариус куәландырған) сәйкес тараулардың конкурстық өтінімдердің тілінде нақтылы аудармасы болған жағдайда, және бұл жағдайда конкурстық, өтінімді дұрыс пайымдау мақсатында, мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылған құжаттар басымдылау болады ( конкурстық құжаттама мемлекеттік және орыс тілінде, ал халықаралық конкурстар өткізілген жағдайда - Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңына сәйкес дайындалады).

### 2. Конкурстық құжаттаманың мазмұны

19. Ықтимал өнім беруші дайындаған конкурстық өтінімде келесі құрамдас бөліктер болу керек:

1) конкурсқа қатысуға өтінім;

2) ықтимал өнім берушінің құқықтығы мен біліктілігін растайтын құжаттар;

3) жұмыстардың сатып алуға жарамдығын растайтын құжаттар мен олардың конкурстық құжаттамаларға сәйкестігі;

4) бағалар кестесі;

5) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету;

6) конкурстық өтінімге қол қоюға және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысуға сенімхат.

### 3. Конкурсқа қатысуға өтінім нысаны

20. Ықтимал өнім беруші конкурсқа қатысу үшін өтінімді 5-ші қосымшаға сәйкес нысанда ұсынады.

### 4. Конкурстық өтінімнің бағаларының кестесі

21. Ықтимал өнім беруші 7-ші қосымшадағы нысан бойынша Бағалар кестесінде жұмыстардың бірлігінің бағасын және олардың жалпы бағасын конкурстық өтініміне сәйкес жүргізуге ұсынып отырғанын көрсетуге тиіс.

22. Ұсынатын жұмыстардың бағасы, жұмыстарды жүргізу бағасына қоса:

1) Қазақстан Республикасының заңдылығында көрсетілген барлық салықтар, баждар мен басқа да міндетті жинақтарды;

2) жұмыс күшінің түгел бағасын, материалдарды, инженерлік жабдықтарды, құралдарды, суды, жылуды, электр қуатын, көліктік шығындарды, құрылыс машиналары мен механизмдері мен т.с. жұмысты жүргізу және аяқтау үшін қажетті қызметтерді қамтиды.

23. Ықтимал өнім берушілер ұсынып отырған бағалар мемлекеттік сатып алу жөніндегі шарттың толық орындалу мерзіміне бекітілген қалпында болуы және де қандай жағдай болмаса да өзгермеуі тиіс.

## 5. Конкурстық өтінім мен төлемнің валютасы

24. Отандық ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағалары теңгеде көрсетілуі тиіс.

Шетелдік ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағалары ( валютаны көрсету керек, мысалы, АҚШ долларында) көрсетілуі тиіс. (Осы Нұсқаулықтың 7-ші тармағына сәйкес шеттету қолданылатын болса (конкурсқа тек отандық өнім берушілер қатысқанда) осы тармақтың соңғы сөйлемі шығарылып тасталады).

25. Отандық ықтимал өнім берушілерге нақтылы төлем теңге бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің (қаржыландыру органдарының) бюджеттік қаражаттары лимитінің бөліну шамасымен жүргізіледі .

Шетелдік ықтимал өнім берушілерге нақтылы төлем Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің (қаржыландыру органдарының) бюджеттік қаражаттары лимитінің бөліну шамасымен жүргізіледі. (Валюта осы Нұсқаулықтың 24-ші тармағына сәйкес келу керек, егер осы нұсқаулықтың 7-ші тармағына сәйкес, шеттетулер қолданылатын болса (конкурсқа тек отандық ықтимал өнім берушілер қатысқанда), осы тармақтың бұл сөйлемі шығарылып тасталады).

## 6. Ықтимал өнім берушінің құқықтылығы мен біліктілігін растайтын құжаттар тізбесі

26. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінің бөлігі ретінде, оның біліктілігі осы Нұсқаулықтың 8-ші тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын келесі құжаттарды ұсынады:

1) мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес міндеттерін орындау үшін кәсіптік білімдері, тәжірибесі, беделі, сондай-ақ қажетті қаржылық,

материалдық-техникалық және еңбек ресурстары бар екендігін растайтын мекеме бланкінде, бірінші басшы қол қойған хатты;

2) нотариус куәландырған құрылтайлық құжаттардың көшірмелерін, шаруашылық субъектінің тіркелуі туралы куәлігі мен статистикалық карточкасын;

3) куәліктердің, лицензиялардың, сертификаттардың және/немесе ықтимал өнім берушінің сатып алатын жұмыстарды өндіруге және/немесе жүргізуге құқықтығын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелерін;

4) ықтимал өнім берушінің қаржы жағдайы туралы банкі анықтамасын. Бұл анықтама конкурс туралы хабарландырудың (жабық конкурс өткізетін жағдайда - ескерту уақыты) уақытының алдындағы соңғы ай бойынша беріледі;

5) қатынасты салық органдарының ықтимал өнім берушінің міндетті салық төлемдері мен басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерінің анықтамасын. Бұл анықтама конкурс туралы хабарландырудың (жабық конкурс өткізетін жағдайда - ескерту уақыты) уақытының алдындағы соңғы ай бойынша беріледі;

6) 6-шы қосымшадағы нысан бойынша ықтимал өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді.

## 7. Жұмыстардың сатып алуға жарамдылығын растайтын құжаттардың тізбесі және олардың конкурстық құжаттамаға сәйкестігі

27. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінің бөлігі ретінде жұмыстардың сатып алуға жарамдылығын растайтын құжаттардың тізбесін және олардың конкурстық құжаттамаға сәйкестігін растайтын келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа қосылған (2-ші қосымша) Техникалық мамандарнымға сәйкес келетін, өткізілетін жұмыстардың жобалық-сметалық құжаттамасын ( жобалық материалдар, түсініктеме жазба, бас жоба мен көліктік, архитектуралық-құрылыс пен технологиялық шешімдер, инженерлік қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, бағаның есебі, техникалық-экономикалық бөлімі, құрылысты ұйымдастыру);

2) (талап етілген орындалатын жұмыстардың сипаттамасына байланысты, конкурсты ұйымдастырушы (тапсырысшы) осы тармақтың 1)-ші тармақшасын түзете алады немесе конкурсқа қатысу үшін ықтимал өнім беруші ұсынатын басқа да құжаттарды осы тармақшада көрсете алады).

## 8. Конкурстық өтінімдерді қамтамасыз ету

28. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін ( конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің түрі белгіленеді: ақшадай қаражаттар, банктік кепіл, құнды қағаздар, кепілдік мүлік) түрде, ықтимал өнім беруші ұсынып отырған орындалатын жұмыстардың жалпы сомасынан аспаған мөлшерде (белгіленген процент мөлшері бойынша 5 % аспауға тиіс) және де конкурстық өтінімнің күшінде болу мерзімінен кем емес мерзімде енгізеді. ( Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің ең қолайлы (басқа түрлерге қарағанда, өтімді және де ресімдеу уақыты жедел) түрі болып ақшалай қаражат пен банктік кепіл табылады).

29. Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуіндегі ақшалай қаражаттар конкурстық өтінімдерді ұсынуды аяқталудың соңғы мерзімдері өткенге дейін есепшотқа: (шоттың нөмірі мен банк реквизиттері көрсетіледі) жіберіледі. Банктік кепіл түріндегі конкурстық өтінімді қамтамасыз ету осы Нұсқаулықтың 8 -ші қосымшасындағы нысанға сәйкес ресімделеді.

30. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтініммен бірге өзінің конкурстық өтінімінің бөлегі ретінде конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізгенін растайтын құжаттың көшірмесін немесе банк кепілінің түпнұсқасын ұсынады. Конкурстық өтінімдері қамтамасыз етілмеген барлық конкурстық өтінімдерді конкурстық комиссия, конкурс шарттарына сай болмағандығынан, шеттетіп тастайды.

31. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Тәртіптің 39 тармағында аталған жағдайларда және Тәртіптің 40 тармағында көрсетілген мерзімдерде қайтарылып беріледі.

Конкурс жеңімпазының конкурстық өтінімді қамтамасыз етуін қайтару мемлекеттік сатып алу жөніндегі шартқа қол қойылғаннан кейінгі 5 жұмыс күні мерзімінде немесе шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейінгі 5 жұмыс күні мерзімінде жүзеге асырылады (егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделсе).

32. Конкурстық өтінімнің қамтамасыз етілуі Тәртіптің 41 тармағында аталған және Заң мен Тәртіпке сәйкес басқа жағдайларда қайтарылып берілмейді.

## 9. Конкурстық өтінімнің күшінде болу мерзімі

33. Барлық ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің мерзімінің аяқталуы (күні көрсетіледі, конкурстық өтінімдерді ашу уақытынан бастап 45 күннен кем емес) күннен ерте болмауға тиіс.

## 10. Конкурстық өтінімді ресімдеу мен қол қою

34. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен көшірмесін ( саны көрсетіледі) "Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы" мен "Конкурстық өтінімнің көшірмесі" деп көрсетіп дайындалу және ұсынылу керек. Олардың мағынасы арасында алшақтық болған жағдайда түпнұсқа басымдыққа ие болады.

35. Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен барлық көшірмелері басылып шығарылған немесе жуылып кетпейтін сиямен жазылған, ықтимал өнім берушінің қолы қойылған болу керек. Ықтимал өнім берушінің уәкілетті өкіліне конкурстық өтінімге қол қоюға және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысуға құқылық берілген сенімхаты конкурстық өтінімге қоса тіркелуі тиіс.

36. Конкурстық өтінімде, ықтимал өнім берушіге қателерді түзету Тәртіптің 50-ші тармағында ескерілген жағдайларда қажет болған және оларды конкурстық өтінімге қол қоятын адам парафирлеген жағдайларды қоспағанда, жазылған жолдар арасына қосымша жазбалар жазылуға, өшірілуге немесе қоса жазылуға тиіс емес.

## 4 тарау. Конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінім беру

### 1. Конкурстық өтінім бар конверттерді желімдеп жабу және таңбалау

37. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін жеке-жеке конверттерге салып желімдеп, тиісінше оларды "Түпнұсқа " және "Көшірме" деп белгілеуге тиіс. Ол конверттерде ықтимал өнім берушінің атауы және мекен-жайы көрсетілуге тиіс (егер конкурстық өтінім "кешігіп қалған " деп жарияланған жағдайда, оны ашпай қайтару мақсатында). Осыдан кейін конверттер сыртқы конвертке салынып жабылады.

38. Сыртқы және ішкі конверттерде:

1) конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайына: (конкурсты ұйымдастырушының толық пошталық мекен-жайы көрсетіледі) бағытталуға;

2) "________ Сатып алу жөніндегі конкурс" (конкурстың атауы көрсетіледі) және "______ Дейін ашылмасын" (осы Нұсқаулықтың 45 тармағына сәйкес конкурстық өтінімдерді ашудың күні, айы, жылы және уақыты көрсетіледі) деген жазбалар болуға тиіс.

### 2. Конкурстық өтінімдерді табыс ету орны мен соңғы мерзімі

39. Конкурстық өтінімдер Конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайына: ( конкурсты ұйымдастырушының толық пошталық мекен-жайы, бөлменің нөмірі

көрсетіледі) және (конкурстық өтінімді қабылдаудың соңғы күні, жылы, айы және уақыты көрсетіледі) мерзімге дейін, сағатқа дейін - конкурстық өтінімді қабылдаудың соңғы күні.

**3. Конкурстық өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін табыс етілген конкурстық өтінімдер**

40. Конкурсты ұйымдастырушы (оның өкілетті тұлғасы) конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін табыс етілген барлық конкурстық өтінімдерді шеттетеді, ашпайды және оны ұсынған ықтимал өнім берушіге қайтарады.

**4. Конкурстық өтінімдердің өзгерістері және оларды кері қайтарып алу**

41. Ықтимал өнім беруші, өзі енгізген конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін қайтарып алу құқығын жоғалтпастан конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімдерін өзгерте немесе кері қайтара алады. Конкурстық өтінімнің өзгерістері де конкурстық өтінімнің дәл өзі сияқты әзірленуге, жабылуға, мөрленуге және табыс етілуге тиіс. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтарып алу туралы ескерту, егер оны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, жарамды болып табылады.

42. Конкурстық өтінімдерге конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ешқандай өзгеріс енгізілмеуге тиіс.

43. Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі мен конкурстық өтінімдердің қолдану мерзімінің аяқталу күні аралығында конкурстық өтінімдерді қайтарып алуға тыйым салынады.

**5. Конкурстық өтінімдерді табыс ету**

44. Конкурстық өтінімдер Заң, Тәртіп пен осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ұсынылуы тиіс.

**5 тарау. Конкурстық өтінімдерді ашу және бағалау**

**1. Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді ашуы**

45. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конверттерді барлық ықтимал өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен (

конкурстық өтінімдерді ашу мен конкурстық комиссияның отырысын жүргізу күні, уақыты, орны көрсетіледі. Бұл уақыт пен конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі арасындағы уақыт бір сағаттан аспауы тиіс).

46. Қатысып отырған ықтимал өнім берушілердің уәкiлеттi өкілдері өздерінің қатысып отырғанын растап (тіркелу уақыты көрсетіледі, бұл уақыт конкурстық өтінімдерді ашу уақытынан ерте болу керек), сағат -дан, -ден, -нан, -тен тіркеледі .

**2. Конкурстық өтінімдерді алдын ала зерделеу және қарау**

47. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдердің толықтығын, есептердегі қатенің, қажетті кепілдіктердің, құжаттардағы барлық қойылған қолдың болуын, сондай-ақ бүтіндей алғанда құжаттардың ресімделуінің дұрыстығын алдын ала зерделейді.

48. Конкурстық өтінімдердің қаралуы Заңға, Тәртіпке және осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

49. Конкурстық комиссия Заң мен Тәртіпте аталып өткен жағдайларда конкурстық өтінімді қатысудан шеттетуге құқылы. Конкурстық өтінім Заңның, Тәртіптің барлық талаптарына сәйкес емес деп белгіленіп, конкурстық комиссиямен шеттетілген жағдайда, ол одан кейін талаптарға сәйкес деп танылмауға тиіс.

**3. Ықтимал өнім берушілердің қойылатын талаптарға сәйкес келуін бағалау тәсілдері және өлшемдері**

50. (Ықтимал өнім берушілердің біліктілік талаптарға сәйкес келуін бағалау өлшемдері мен тәсілдері көрсетіледі).

**4. Конкурстық өтінімнің бағасын бір валютаға келтіру**

51. Баға беру рәсімдерін жеңілдету және конкурстық өтінімдерді салыстыру үшін конкурстық комиссия конкурстық өтінімдердің әртүрлі валютамен көрсетілген барлық бағаларын (күні, жылы, айы көрсетіледі) күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасына - теңгеге аударады. (Осы Нұсқаулықтың 7-ші тармағына сәйкес шектеулер қолданған жағдайда (конкурсқа отандық ықтимал өнім берушілердің қатысуы) бұл тармақ шығарылып тасталады).

**5. Конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру**

52. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына сай келетін ықтимал өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың барлық талаптарына сай келеді деп танылған конкурстық өтінімдерін бағалап салыстырады, ең төменгі баға негізінде және баға факторынан басқа: (Тәртіптің 54, 55 тармақтарына сәйкес конкурстық өтінімді бағалау және салыстыру өлшемдері аталып шығады), өзге де өлшемдерді ескере отырып, ұтып шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

53. 52 тармақта белгіленген бағалау өлшемдері келесі тәсілмен (конкурстық өтінімнің бағалау мен салыстыру тәртібін Тәртіптің 56-60 тармақтарына сәйкес конкурстық өтінімнің бағаларының шартты төмендеуі мен көтерілуінің нақты өлшемдерін (процент бойынша) көрсетіп, сипаттауға тиіс) жүргізіледі.

**6. Басымдылық беру шарттары**

54. Ұтқан конкурстық өтінімдерді айқындаған кезде, Қазақстан Республикасы аумағында мердігерлік жұмыстар бойынша жергілікті еңбек, шикізат және өндіріс ресурстарын пайдаланудың бағалық көрсеткішінде олардың бағасының кемінде 50 % құраса, отандық ықтимал өтінім берушілер мен жұмыстарды орындаушылар, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілері, басымдыққа ие болады.

**6 тарау. Жеңген конкурстық өтінімді анықтау мен шарт жасау**

**1. Жеңген конкурстық өтінімді анықтау**

55. Конкурстық өтінімнің айқындалуы әрбір конкурстық өтінімнің Заңға, Тәртіп пен осы Нұсқаулыққа сәйкес жалпы шартты бағасын анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Ең төмен жалпы шартты бағасы бар конкурстық өтінім ұтқан болып есептеледі.

56. Екі немесе бірнеше конкурстық өтінімдердің жалпы шартты бағалары тең болған жағдайда, пайдалану сипаттамасы мен өнімділігі неғұрлым жақсы жұмыстарды орындауды ұсынатын конкурстық өтінімге басымдық беріледі.

57. Конкурстың қорытындылары Заң мен Тәртіпке сәйкес ресімделеді.

**2. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасау**

58. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Тәртіпте көрсетілген тәртіп пен мерзімдерде жасалады.

59. Қол қоюшы тараптар мемлекеттік сатып алу туралы шартының шарттарына сәйкес конкурс жеңімпазы және жеңімпаздан кейінгі артықшылықты ықтимал өнім беруші анықталғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шартқа ешқандай өзгерістер енгізуге құқылы емес.

60. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт оны тапсырысшы қазынашылық органдарда тіркегеннен және өнім берушінің шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгенінен кейін күшіне енеді (егер өнім берушінің шартты орындауды қамтамасыз етуін енгізуі көзделсе).

**3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету (бұл тарау шартты орындауды қамтамасыз етуін енгізуі көзделген жағдайда толтырылады)**

61. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін (күндердің саны көрсетіледі) күндер ішінде өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті (қамтамасыз етудің түрі: банктік кепіл, ақша қаражаттар, мүлік пен құнды қағаздар кепілдігі көрсетіледі) түрінде және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының процент мөлшерін: (5 проценттен аспай белгіленген проценті көрсетіледі) енгізу міндетті.

62. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің ақша қаражаты тапсырысшының шотына аударылады: (шоттың банктік реквизиттері мен нөмірі көрсетіледі). Сатып алу туралы шарттың банктік кепіл ретінде орындалуын қамтамасыз ету осы Нұсқаулықтың 9-ші қосымшасындағы нысанға сәйкес ресімделеді.

63. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша тапсырысшы, егер мерзім шартта көзделмесе, өнім беруші міндеттерін толық және тиісінше орындаған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

64. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету қайтарылмайды, егер өнім беруші:

1) жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзғанда;

2) жұмыстарды сапасыз орындағанда;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың басқа да шарттарын бұзғанда.

1 Қосымша

**Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі** ----------------------------------------
------------------------

| N | Тапсырысшының атауы | Жұмыстардың атауы | Жұмыстардың қысқаша сипаттамасы * | Өлшем бірлігі | Өлшем бірлігінің саны (тұтыну көлемі) | Жұмыстардың орындау мерзімі | Жұмыстарды орындау орны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | Бұл бағанда жұмыстарды орындаудың қысқаша шарттары, учаскенің (объектінің) орналасқан жері көрсетіледі |

* Жұмыстардың толық сипаттамасы, олардың орындалу шарттары техникалық маманданымда көрсетіледі - 2 қосымша

*Конкурсты ұйымдастырушы басшысының лауазымы, аты-жөні мен қолы*

М.О.

2 қосымша

## Техникалық маманданым

(Конкурсты ұйымдастырушы бұл техникалық маманданымда талап етілетін сатып алынатын орындалатын жұмыстардың техникалық және сапалық сипаттамасын және қажетті маманданымдардың, жоспарлардың, сызбалардың, нобайлар мен халықаралық немесе ішкі стандарттарға сай келетін орындалатын жұмыстардың толық сипаттамаларын беруі тиіс. Сондай-ақ, осы техникалық маманданымда конкурсты ұйымдастырушы құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа да ерекше табиғи жағдайлардың,

инфрақұрылым мен коммуникациялардың бар екендігінің қысқаша сипаттамасын беру керек, жергілікті ресурстардың, стандарттар мен техникалық нормативтердің жүйесінің сипаттамасы мен объекттің толық құрамын, аумақтың инженерлік дайындықтың, өндіріс пен жабдықтардың технологиясын, инженерлік қамтамасыз етудің, қолданылатын материалдар мен конструкциялардың, объектінің жабдықтауын және т.б. объектінің пайдалануға берілген кезде туындайтын қарама-қайшылықтарды болдырмайтын талаптар көрсетілуге тиіс).

3 қосымша

**Шарттың жалпы шарттары**

**1. Терминдері (арнайы сөздер)**

1. Осы шартта төменде аталып өтетін арнайы сөздердің мынадай мағыналары бар:

1) "Тапсырысшы" - Объекті бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізуге Бас мердігерді жалдаған мемлекеттік мекеме;

2) "Бас мердігер" (бұдан әрі - Мердігер) Объекті бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізу туралы конкурстық өтінімін Тапсырысшы қабылдаған тұлғаны немесе ұйымды білдіреді;

3) "Қосалқы мердігер" Бас мердігермен Шарт бойынша Учаскеде (Объектіде) жұмыстардың бір бөлігін орындау туралы Шарт жасасқан тұлғаны немесе ұйымды білдіреді;

4) "Техникалық бақылау" Тапсырысшы тағайындаған, Мердігерге Шарттың шарттарын орындауды бақылауға жауапты ретінде хабарлаған тұлға болып табылады;

5) "Объект" Шарттың шарттарына сәйкес Мердігер құрылыс салып, қайта құрып, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, содан соң жұмыстарды аяқтағаннан кейін Тапсырысшыға тапсыратын объектіні білдіреді;

6) "Учаске" объектінің құрылысына немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақты білдіреді;

7) "Шарттың бағасы" Тапсырысшы Мердігерге оның конкурстық өтінімінің қабылданғаны туралы хатында көрсетілген Шарттың жалпы сомасын білдіреді;

8) "Шарт" Тапсырысшы мен Мердігердің құрылыс салуға, аяқтауға және жөндеу-құрылыстық жұмыстар жөнінде келісімін білдіреді. Шартқа қол қойғаннан кейін, оған барлық толықтырулар мен өзгерістерді "Өзгерістерді кіргізу" арқылы жасала алады. Шарт Тапсырысшы мен Мердігерден басқа Жобалаушы мен қосалқы мердігер, Тапсырысшылар мен Қосалқы мердігер, сондай-ақ басқа да тұлғалар мен ұйымдар арасында қандай да болса шарттық

қарым-қатынастар туғызатындай түсінілмеуі тиіс;

9) "Уақытша ғимараттар" Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін алынып тасталатын, Объектінің құрылысы мен құрастыруының қажеті үшін салынып қондырылатын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді;

10) "Материалдар" Мердігер мен Қосалқы мердігер Объектіні салуға қолданатын барлық шығатын материалдарды білдіреді;

11) "Жабдықтар" Объекті салынатын учаскеде тұрған Мердігер мен Қосалқы мердігердің барлық машиналары мен механизмдерін білдіреді;

12) "Құрылыстың созылу мерзімі" Мердігер Объектінің құрылысын аяқтайтын мерзімді білдіреді;

13) "Күндер" - күнпарақтық күндерді, "айлар" - күнпарақтық айларды білдіреді;

14) "Өзгертулер" - Шартқа қол қойғаннан кейін Тапсырысшы ұсынған өзгертулер;

15) "Ақаулық" Шарттың шарттарының бұзылуымен орындалған жұмыстың бөлігі;

16) "Кемшіліктер мен ақаулықтарды жою кезеңі" жұмыстарды орындауды тексеру процесінде табылған кемшіліктер мен ақаулықтарды жою кезеңі.

## 2. Шарттың құжаттары

2. Шартты құрайтын құжаттар болып:

1) Шарттың өзі;

2) Конкурстық өтінімді қабылдау туралы хат;

3) Мердігердің конкурстық өтінімі;

4) Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі;

5) Техникалық маманданым;

6) Шарттың Жалпы шарттары;

7) Шарттың Ерекше шарттары;

8) Біліктілік туралы мәліметтер;

9) Конкурстық құжаттамада аталып өткен кез келген басқа құжат.

## 3. Шарттың тілі мен құқықтық нормалары

3. Шарттың барлық құжаттамасының тілі Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген тіл болып табылады.

4. Шарттың құқықтық нормалары Қазақстан Республикасының заңдылық актілері болып табылады.

**4. Тапсырысшы мен Мердігер арасындағы ресми қатынастар**

5. Объектіні салу мәселелеріне қатынасты Тапсырысшы мен Мердігер арасындағы ресми қатынастардың тек жазбаша түрінде ғана күші болады. Өнім беруші, Тапсырысшының алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталып өткен құжаттарды немесе ақпаратты, Шарттың жүзеге асырылуы мақсатынан басқа, пайдаланбауға тиіс.

**5. Мердігер**

6. Мердігер - Шартта осындай деп танылып, Шарттық құжаттамада жекеше түрде белгіленетін тұлға немесе ұйым. "Мердігер" деген арнайы сөз (термин) Мердігердің өзін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді.

**6. Қосалқы мердігер**

7. Мердігер Қосалқы мердігерлермен Шарт жасаса алады, бірақ Тапсырысшының жазбаша рұқсатынсыз Шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің бар болғаны Тапсырысшы мен Мердігер арасындағы Шарттың шарттарын өзгерте алмайды.

**7. Басқа мердігерлер**

8. Учаскеде басқа да мердігерлердің болғанында, Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіру керек.

**8. Кадрлар**

9. Мердігер маңызды лауазымдарға Біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген жұмыскерлерді жалдайды. Бұл тұлғаларды басқаларға ауыстырғанда, Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырысшының рұқсатын алуға тиіс. Жаңа жұмыскерлердің біліктілігі Біліктілік туралы мәліметтерде аталып өткен жұмыскерлердің біліктілігіне сай немесе одан артық болу керек.

10. Егер Тапсырысшы, себептерін көрсете отырып, Объектіден Мердігердің немесе Қосалқы мердігердің жұмыскері болатын тұлғаны шығарып жіберуді өтінсе, Мердігер бұл тұлғаны 72 сағаттың ішінде шығаруы тиіс, бұдан кейін ол тұлғаның осы Шарт бойынша орындалатын жұмыстармен ешқандай байланысы болмауы керек.

## 9. Мердігердің қауіп-қатері

11. Мердігер Шартты орындау барысы мен себебінде Тапсырысшының шығындарына немесе мүлкіне, меншігіне және өзінің жұмыскерлерінің денсаулығына залалын тигізуге, сонымен қатар өзінің жұмыскерлерінің ажалына байланысты барлық қауіп-қатерге жауапкершілікті болады.

## 10. Тапсырысшының қауіп-қатері

12. Тапсырысшы қауіп-қатердің айрықша түрлеріне, яғни: соғыс, көтерілістер , революциялар, азаматтық соғыс, бүлік, лаңдар (егер онда Тапсырысшының жұмыскерлері қатысса) қауіп-қатері үшін жауапкершілікті болады. Сондай-ақ Мердігер тауып алған және де конкурстық құжаттамада көрсетілмеген, топыраққа улы және жарылғыш заттардың жұғуы, егер бұл жағдайлар жұмыстарды орындауға тікелей әсерін тигізсе, Тапсырысшының қауіп-қатері болып табылады.

## 11. Сақтандыру

13. Мердігер жұмыстардың басталу Күнінен оның, ақаулықтарды жою кезеңін қоса алғанда, толық аяқталу кезеңіне дейін Тапсырысшы мен Мердігердің атына сақтандыруды қамтамасыз етеді.
14. Сақтандыру полистері мен сертификаттарды Мердігер жұмыстардың басталу Күнінен бұрын Тапсырысшыға бекіту үшін ұсынады.
15. Егер Мердігер талап етілген сертификаттарды ұсынбаса, Тапсырысшы Мердігер қамтамасыз ететін және осы шығындарды Шарттың Бағасынан ұстап қалуға міндетті болған сақтандыруды өткізе алады.
16. Мердігерге Тапсырысшының рұқсатынсыз сақтандыру шарттарына ешқандай өзгерістер енгізуге болмайды.
17. Екі тарап та сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға міндетті.

## 12. Шығындарды өтеу

18. Тараптардың әрқайсы жағы олардың бірлескен іс-әрекеттерінің немесе қателіктерінің салдарынан болған адамдардың денсаулығына залалын тигізу мен олардың ажалдары үшін шығындар мен зияндар жөнінде қуынымдарға шыққан шығыстарға жауапкершілік тартады да оларды екінші тарапқа өтейді.

**13. Қауіпсіздік техникасы**

19. Мердігер Объектіде жұмыстар жүргізудің қауіпсіздік техникасына толық жауап береді.

**14. Олжалар**

20. Тарихи немесе басқа мүдделер болып табылатын және құндылығы бар, Учаскеде тауып алынған барлық олжалар Тапсырысшының иелігі болып табылады. Мердігер Тапсырысшыны мұндай олжалар туралы хабардар ету керек және де оларды акті бойынша Тапсырысшыға табыс ету керек.

**15. Объектіні қолдану**

21. Тапсырысшы Мердігерге Объектіні салуға бөлінген түгел Учаскені қолдануға рұқсат етеді. Егер Учаскенің құрылыс салуға арналған бөлшегі Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген Учаскені беру Күніне берілмегенде және де осы себепті жұмыстардың орындалуы кешігіп жатса, бұл жағдайда Тапсырысшы жұмыстардың аяқталу мерзімін бұл Учаскенің берілуінің кешіктіру мерзіміне ұзарту тиіс.

**16. Учаскеге кіру мүмкіндігі**

22. Тапсырысшы немесе оның уәкілетті өкілі Учаскеге немесе Шарт бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқан немесе жүргізілетін кез келген басқа орынға әрқашан кіруге мүмкіндігі бар.

**17. Даулар**

23. Егер Мердігер Тапсырысшы келген шешімді Шарттың шектерінен шығып кеткен деп есептесе, осы шешімді Тапсырысшы қабылдағаннан кейін Мердігер бұл шешімді сотқа тапсыруы мүмкін.

**18. Таластарды шешу процедурасы**

24. Тапсырысшы мен Мердігер Шарт бойынша немесе оған байланысты шығатын өзара келіспеушіліктер мен барлық талас пікірлерді ресми емес тікелей келіссөздер барысында шешуге бар ынталарын салуға тиіс.

25. Егер Шарт бойынша таласты мұндай ресми емес тікелей келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырысшы мен Мердігер

бейбіт жолмен шеше алмаса, тараптардың кез келген жағы осы мәселені Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешуді талап етуге құқылы.

## 19. Тапсырысшының жұмысты тоқтату құқығы

26. Егер Мердігер Шарт Құжаттарының талаптарын бұзумен орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өзінің міндеттерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер Шарт Құжаттамасына сәйкес жұмысты аяғына дейін орындай алмайтын болса, Тапсырысшы жазбаша нұсқамамен Мердігерге Жұмыстардың толығының немесе бөлігінің тоқтау себептерін жойғанға дейін жұмысты тоқтату туралы өкім жібере алады.

## 20. Мердігер орындаған Ақаулығы бар жұмыстарды түзетуге Тапсырысшының құқығы

27. Егер Мердігер Жұмыстарды түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны Шарттық Құжаттамаға сәйкес келтіргісі келмесе) және Тапсырысшыдан жазбаша осы туралы ескертуден кейін жеті күн ішінде іс-әрекетімен жауап бермесе, Тапсырысшы осы аталған жеті күндік мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталай алады. Егер Мердігер келесі жеті күндік мерзімнен кейін көрсетілген Ақаулықтарды түзете алмаған жағдайда, Тапсырысшы өзінің Мердігерге әсер етуді қолданыла алатын басқа да құқықтарынан бас тартпай, осы жұмыстарды өз күшімен орындай алады. Бұл жағдайда өзгертулер туралы Бұйрық шығарылады, оған сәйкес, Мердігерге төленетін сомадан немесе төлеуге арналып қойған сомадан, жобалаушының қосымша қызметтерін және де басқа еріксіз шығындарды қоса алғанда, Ақаулықтарды түзетуге шыққан шығын алынып тасталады. Егер Мердігерге төленетін сома көрсетілген шығындарды өтеуге жеткіліксіз болса, Мердігер өз қаражатынан Тапсырысшыға айырмашылығын төлейді.

## 21. Жұмыстарды орындау кестесі

28. Мердігер Шарттың Ерекше шарттарында аталып өткен мерзімде Тапсырысшыға Объекті құрылысының тәртібі мен мерзімдері жазылған Жұмыстарды орындау кестесін, сонымен қатар Тапсырысшы тарабынан төлем кестесін бекітуге ұсынады.

29. Тапсырысшы тарабынан толықтырулар енгізгенде, әр толықтырудың

жұмыстар Кестесіне тигізген әсері, Мердігер жасаған Тапсырысшының шеттетулеріне байланысты уақыт пен қаржы жағынан өзгерістерді есептеген түзетулер жаңа кестеде көрсетіледі.

## 22. Жұмыстардың орындалу мерзімін ұзарту

30. Егер Тапсырысшы ұсынған форс-мажорлық жағдайлар немесе шеттеулер қосымша қаражаттарды талап етсе, ол жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартады.

## 23. Тексерулер

31. Мердігер, білімі мен барлық мүмкіндіктерін қолдана отырып, Жұмыстарға бақылау жасау мен оған бағдар беруге міндетті. Мердігер құралдарға, тәсілдерге, техникаға, жұмыстардың орындалу сапасына, сондай-ақ Шарт бойынша Жұмыстың барлық бөлшектеріне, Шарттық Құжаттамасында ерекше аталған айрықша жағдайларда басқа, толық жауапты болады және бақылау жүргізеді.

32. Мердігер Тапсырысшының алдында өзінің жұмыскерлерінің, Қосалқы мердігерлері мен олардың өкілетті тұлғаларының, сондай-ақ Шарт шеңберінде Жұмыстың бөлшектерін Мердігермен жасасқан шарт негізінде орындайтын басқа да тұлғалардың әрекеттері мен кемшіліктеріне жауапты болады.

33. Егер Тапсырысшы Мердігерге Шарттық құжаттамада көзделмеген жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізу туралы нұсқау берсе, Мердігер бұл нұсқауды орындауға міндетті. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыстың немесе конструкцияның ақаулықтары болса, осы сынақтарды жүргізудің төлемін Мердігер жасайды. Егер Ақаулық болмаса, осы сынақтың төлемін наряд-тапсырыс түрінде Тапсырысшы жүргізеді.

## 24. Ақаулықтарды жою

34. Тапсырысшы кез келген табылған Ақаулықтарды түзету мерзімі туралы Мердігерді жазбаша ескертеді.

35. Ақаулықтар туралы ескерту алғаннан кейін, Мердігер Тапсырысшы көрсеткен уақыт мерзімінде Ақаулықтарды жоюға міндетті.

## 25. Жұмыстардың көлемінің өзгеруі мен олардың төлемі

36. Тапсырысшы Мердігерді қандай да бір жұмыстардың көлемін өзгерту туралы өтінген жағдайда, Мердігер Тапсырысшыға бұл жұмыстарды

орындаудың бағасының егжей-тегжейлі сипаттамасын ұсынуға міндетті.

37. Тапсырысшы бұл қосымша жұмыстардың бағаларымен келіспей, бұл жұмыстарды орындауға басқа ұйымдарды шақыртуға мүмкіндігі бар.

38. Егер Тапсырысшы мен Мердігер қосымша жұмыстардың бағалары туралы келісімге келсе, ол Мердігерге осы қосымша жұмыстарға "Тапсырыс наряд" береді. "Тапсырыс наряд" жұмыстардың атауын, олардың көлемін, жұмыстың бірлігінің бағасы мен жалпы бағасын қамтиды. "Тапсырыс нарядтың" бағасы Шарттың бағасына қосылып, оның бөлінбейтін бөлшегі болып табылады да оның орындалуы Шарттың шарттарымен реттеледі. Жұмыстың көлемі көбею мен азаю жағына өзгере алады. Бұл жағдайда "Тапсырыс наряд" Шарттың жалпы бағасын көтере немесе төмендете алады.

## 26. Аванстық төлем

39. Тапсырысшы Мердігерге Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген сома мөлшерінде аванс төлей алады. Мердігер төленген авансты тек осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға қажетті материалдар, жабдықтар мен жалақысының төлемін жүргізу үшін пайдалана алады.

## 27. Ай сайынғы төлемдер

40. Мердігерге аванстық төлемдерді берген жағдайда, ай сайынғы төлемдер Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген мөлшердегі аванстық төлемдердің сомасымен үйлестіріледі. Төлемдердің мерзімі Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген.

41. Егер Тапсырысшы Мердігерге оған тиесілі соманы Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, бұл жағдайда ол Мердігерге кешіктірген төлемдер үшін Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген мөлшерде әр кешіктірген күнге айып төлем төлейді. Айып төлем келесі төлеммен бірге төленеді. Айып төлемнің процентінің қосылуы төлемнің төленетін күнінен басталады да ақырғы төлем төленген күнімен аяқталады.

## 28. Компенсацияларды төлеу

42. Төмендегі жағдайлар жұмыстардың созылу мерзімінің өзгеруіне немесе Мердігерге ақшалай компенсация төлеуге ықпал етеді:

1) Тапсырысшы Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға рұқсат етпегенде. Бұл жағдайда Тапсырысшы жұмыстардың орындалу мерзімін ұзарту тиіс;

2) Тапсырысшы Мердігерге Шартта жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқау береді. Егер осы сынақтар қайбір ақаулықтарды көрсетпеген жағдайда, сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтату мерзімі жұмыстарды орындаудың Шарттық мерзіміне қосылады;

3) аванстық төлем кешіктірілгенде;

4) Объектіде бірнеше мердігерлер болғанда, Тапсырысшы Қосалқы мердігерлер үшін жасаған Жұмыстар кестесі Мердігердің осы шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзіміне келеңсіз әсерін тигізгенде.

## 29. Ұсталынып қалатын сомалар

43. Тапсырысшы Мердігерге жұмыстардың орындалғанынан бастап барлық жұмыстар аяқталғанға дейінгі төленетін әрбір төлем 10 % сомасында қаражаттар бөлігін ұстап қалады.

44. Ұсталынып қалған сома барлық жұмыстардың аяқталғанынан және кемшіліктер мен Ақаулықтардың тізбесін жойғаннан кейін Мердігерге төленеді.

## 30. Кепілдер

45. Мердігер Тапсырысшыға Шарт бойынша қойылған материалдар мен жабдықтардың жақсы сапасы мен жаңа болуын (Шарттық Құжаттамада аталған жағдайлардан басқа), жұмыстардың Шарттық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірмейтін сапасын төмендететін ақаулықтармен орындалмайтынына, жұмыстың құрамы Шарттық Құжаттаманың талаптарына сай болатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сай келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияландырмаған өзгертулері бар жұмыстар ақаулықты деп танылады. Мердігер беретін кепілдерге зияндардың орнын толтыру немесе Мердігер жүргізбеген эксплуатациялау мен модификациялаудың тәртібін бұзу салдарынан болған ақаулықтарды жою, дұрыс ұсталмауына немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсетуіне, сондай-ақ болжамдық тозу немесе жабдықтарды қалыпты қолданғанда бұзылуына байланысты Мердігер кепіл бермейді. Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын растайтын құжаттарды беру тиіс.

## 31. Шартты бұзу

46. Егер басқа тараптан Шартты Шартта көзделген принциптік шарттарынан айыратын ауқымды бұзылуы орын алған жағдайда, Тапсырысшы немесе Мердігер Шартты Шартта көрсетілген мерзімінен бұрын бұзуға мүмкіндігі бар.

47. Шарттың ауқымды бұзылуы төмендегілерді қамтиды, бірақ онымен шектелмейді:

1) егер Мердігер бірнеше рет Жұмыстарды орындау кестесін бұзса, Тапсырысшы Шартты бұзуға мүмкіндігі бар;

2) Мердігер Шарттың Ерекше шарттарында белгіленген күндердің саны бойынша мерзімнен бұрын жұмыстарды тоқтатуды Тапсырысшы санкцияламай тоқтатқан кезде;

3) Тапсырысшы көрсеткен Ақаулықтар негізделіп белгілеген уақыт кезеңінде Мердігер жоймағанда;

4) Тапсырысшы Мердігерге жұмыстардың барысын тоқтатуға нұсқау бергенде, және де Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген күндердің саны барысында осындай нұсқау өзгертілмесе;

5) Тапсырысшы немесе Мердігер, олардың қайта құрылуы мен бірлескенінен басқа, банкроттыққа ұшырағанда немесе қай бір себептермен таратылғанда;

6) Тапсырысшының Техникалық бақылауы растаған, Шарттың Ерекше шарттарында соманы растаған күннен кейін көрсетілген күндер барысында Тапсырысшы Мердігерге соманы төлемегенде;

7) Мердігер жобалық құжаттама мен Шарттық Құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау тәртіптерін, нұсқаулықтары мен Ережелерін елемегенде.

## 32. Шарттың бұзылғанынан кейінгі (жұмыстарды орындаудың Кепілдіктері болмағанда) төлемдер

48. Егер Шарт бұзылса, Мердігер сол сәтте жұмыстарды тоқтату керек, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етіп, мейлінше қысқа мерзімде одан шығып кетуге тиіс.

49. Егер Шарттың бұзылуы Мердігердің Шартты ауқымды бұзуының салдарынан болса, Тапсырысшы Мердігерге нақтылы жасалған жұмыстар үшін, аванстар мен Тапсырысшының басқа Мердігерді таңдауға шыққан шығындарын алып тастағанда, қалған соманы төлейді. Егер Тапсырысшының Шартты бұзуға кеткен шығындарының жалпы сомасы Мердігерге төленетін сомадан асып кетсе, оның айырмашылығы Тапсырысшыға төленетін қарызды құрайды.

## 33. Шарттың мақсаттарға сәйкес болмауына байланысты бұзылуы

50. Тапсырысшы, Мердігерге сәйкес жазбаша ескерту жіберіп, кез келген уақытта Шарттың мақсаттарға сай болмауына байланысты оны бұзуға мүмкіндігі бар. Ескертуде Шарттың бұзылу себептері көрсетіледі, Шарттың жойылған

жұмыстарының көлемі аталады, сондай-ақ Шарттың бұзылуының күшіне енуінің күні белгіленеді.

51. Бұл жағдайларда Тапсырысшы барлық орындалған жұмыстардың, сатып алынған материалдардың, Объектіден машина мен механизмдерді шығаруға кеткен шығындардың және Объектінің консервациялауының бағасының төлемін жүргізеді.

52. Осындай жағдайларға байланысты Шарт жойылғанда, Мердігер Шарттың бұзылуына байланысты, бұзылу күніне тек нақтылы шығындардың төлемін талап етуге құқылы.

## 34. Мүлік

53. Егер Шарт Мердігердің ауқымды бұзушылықтары себебінен бұзылса, Объектіде орналасқан барлық материалдар мен Жабдықтар, сондай-ақ Уақытша ғимараттар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырысшының меншігі болып табылады да Шарттың бұзылуына байланысты қаржылық анықтаулар біткенге дейін оның иелігінде болады.

## 35. Форс-мажор

54. Егер Тапсырысшы мен Мердігердің бақылауына көнбейтін табиғи нәубеттер, әскери әрекеттер немесе басқа форс-мажорлық жағдайлар Шарттың орындалуын үзсе, Тапсырысшы Шарттың тоқтатылуын растайды. Мердігер тоқтату туралы ескерту алғаннан кейін мейлінше қысқа мерзімде Объектінің консервациялауын қамтамасыз етеді де жұмыстарды тоқтатады. Тапсырысшы Мердігерге Объекті тоқтағанға дейінгі орындалған жұмыстардың барлық көлемі мен Объектіні консервациялау жұмыстарына байланысты төлемін жүргізеді.

## 36. Мердігер орындаған жұмыстарды, материалдар мен жабдықтарды қорғау

55. Мердігер орындалған жұмыстар мен барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және басқа жұмыстарға байланысты позицияларды жаңбыр, су тасқыны, аяз, өрт, ұрлық және де басқа себептерге байланысты зиянның барлық түрінен, нұқсан келтіруден, жоюдан қорғауды қамтамасыз етуді міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын орындау барысында жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырысшының иелігіндегі меншік пен оның иелігіне жататын ғимараттарды зақымдалудың барлық түрінен немесе басқа да себептерден жолдарды, үйлерді, материалдар қоймаларын және де басқа қозғалатын және қозғалмайтын мүліктерін қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Жоғарыда айтылғанға байланысты Мердігер көтерген барлық шығындар Тапсырысшы тарабынан қосымша өтеуге жатпайды.

56. Тапсырысшы жоғарыда айтылған себептерге байланысты Мердігердің жұмыстарына келген зияндар немесе қандай да болса нұқсандар үшін олардың толығынан аяқталуы мен қабылдауына дейін жауапты болмайды, және Мердігер қосымша өтеусіз барлық зияндардың, нұқсандар мен жоғарыда айтылған басқа да ақаулықтардың түзетулерін жүзеге асырады.

## 37. Мердігердің материалдары мен жабдықтары

57. Мердігер жеткізілімдерді ұйымдастыру тасымалдау, жүкті түсіру мен Мердігер Объектіге жеткізетін барлық материалдар мен жабдықтар үшін жауапты болады. Жеткізілімдер тек Мердігердің атына жүзеге асырылады. Тапсырысшы жеткізілімдерге, өңдеуге, сақтау мен көліктердің тұрып қалғанына байланысты ешқандай жағдайлардың шығындары үшін жауапты болмайды. Ешқандай жеткізілімдер Тапсырысшының атына жасалмайды.

58. Мердігер Тапсырысшыға Учаскедегі материалдар мен жабдықтардың қабылдау кестесін ұсынады. Сақтау, орналастыру және штабельдеу үшін тек Тапсырысшы санкциялаған учаскелерді пайдалануға болады. Егер Мердігер өзінің материалдары мен жабдықтардың түсіруін кешіктірсе және де мұндай кешіктіру жұмыстардың жалпы барысына кедергісін келтіретін болса, Тапсырысшы материалдар мен жабдықтарды Мердігер есебінен түсіре алады ( бірақ оған міндетті емес). Егер мұндай түсіруді немесе сақтауды Тапсырысшы жүзеге асыратын болса, барлық зиянға немесе зақымдалуға байланысты қаупін Мердігер көтереді.

## 38. Тапсырысшының жеткізіліміндегі материалдар мен жабдықтар және Тапсырысшы ұсынып отырған коммуналдық қызметтердің төленуі

59. Тапсырысшы ұсынып отырған материалдар мен жабдықтарды Тапсырысшы мен Мердігер бірлесіп тексеріп қабылдап алады. Құрылыс алаңындағы түсіруді Мердігер жүргізеді. Осындай қабылдау Мердігер дайындаған қабылдау туралы жазба құжатпен куәландырылады. Мұндай материалдарға немесе жабдықтарға байланысты кез келген жетіспеушілік немесе зақымдану жаңағыдай қабылдау туралы жазба құжатта айқын белгілену тиіс. Мұндай материалдар мен жабдықтарды қабылдап алғаннан кейін Мердігер олардың өңдеуі мен сақталуына толық жауапкершілік тартады, және де олардың жоғалған немесе зақымданған жағдайларында да толық жауапты болады. Материалдар мен жабдықтардың кез келген қалдықтарын Мердігер өзінің

жұмыстарын аяқтағаннан кейін Тапсырысшыға қайтарып береді.

60. Егер Шарт бойынша материалдар мен жабдықтар Тапсырысшының жеткізілімінде болса, Мердігер Тапсырысшыны алдын ала олардың жеткізуіне қажетті болатын мерзімдері туралы Тапсырысшыны ескертеді. Бұл мерзімдер Мердігердің Жұмыс кестесінде көзделу тиіс.

61. Егер Шарт бойынша Тапсырысшы негізделген мөлшерде осы Шартта көзделген жұмыстар орындалу үшін электр қуаты мен суды қамтамасыз етуге міндетті болса, Мердігер су мен электр қуатының Тапсырысшы белгілеген қосылу нүктелерінен қосу мен таратуды орындауға міндетті. Бұл қызметтердің қамтамасыз етуіндегі үзілістер Жұмыстардың ұзарту мерзімін өзгертуге негіз болып есептеле алады.

## 39. Объектінің тазалығы

62. Мердігер Учаске территориясын тазалықта ұстайды. Мердігер Учаскеден барлық құрылыс қоқымын шығарып тастап, Учаскені жедел түрде тазартып отыруға тиіс.

63. Егер Мердігер Учаскені Шартта талап етілгендей тазалықта ұстай алмаса, Тапсырысшы шығындарды Мердігер есебіне жатқызып осы жұмыстарды жүргізе алады.

## 40. Жұмыстардың аяқталуы

64. Мердігер Шартта аталған жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырысшыға жұмыстардың аяқталуы туралы ескерту жібереді. Тапсырысшы жеті күннен кем емес мерзімде Шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуы жөнінде комиссия (Жұмыс комиссиясы) құрады.

65. Жұмыс комиссиясы Мердігердің қатысуымен өткізіледі.

66. Жұмыс комиссиясының Актісінің күні Жұмыстардың аяқталу күні болып есептеледі.

67. Жұмыс комиссиясы кемшіліктердің тізбесін құрып, оларды жою мерзімін белгілейді. Кемшіліктер жойылған күн Шарттың аяқталу күні болып есептеледі. Барлық кемшіліктерді жою фактісі Объектінің пайдалануға берілу үшін соңғы қабылдау Актісімен белгіленеді (Мемлекеттік комиссияның Акті).

## 41. Шарттың мерзімдерін орындамағаны үшін айыптөлем санкциялары

68. Егер Мердігер жұмыстарды Шартта аталған мерзімдерде орындамаса, Тапсырысшы, өзінің Шарт шеңберіндегі басқа құқықтарына зиянын келтірмей, Шарттың бағасынан айыптөлем түрінде, Шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген соманы шығарады.

4 қосымша

**Шарттың Ерекше шарттары**
**(Конкурсты ұйымдастырушы (Тапсырысшы)**
**жұмыстың әрбір түріне бөлек толтырады)**

1. Сақтандырудың объектісі мен сомасы________________________________
(мысал: жабдықтардың жеткізілуін
__________________________________________________________________________
сақтандыру, адамдарды сақтандыру)

2. Учаскенің құрылыс салуға берілген Күні____________________________
(күні көрсетіледі)

3. Жұмыстар Кестесін ұсыну мерзімі_________________________________
(Шарт күшіне енгеннен кейін неше күннен кейін)

4. Орындалған жұмыстардың төлемін уақытында төлемегені үшін Тапсырысшының Мердігерге төлейтін айып төлемнің мөлшері_____________
(әрбір
__________________________________________________________________________
кешіктірген күн үшін орындау сомасының %)

5. Егер Тапсырысшы жұмыстарды тоқтатып, оларды жалғастыруға рұқсат бермегеннен кейін, Мердігер Шартты бұза алатын мерзім_______________
(күндердің саны
__________________________________________________________________________
жазылып көрсетіледі)

6. Мердігерге төлейтін төлемнің кешіктіру мерзімінен кейін, оның Шарттың күшін жоюға құқығы ________________________________________
(күндердің саны жазылып көрсетіледі)

7. Мердігердің кінәсінен жұмыстарды тоқтату мерзімінен кейін, Тапсырысшы Шарттың күшін жоя алады_____________________________________
(күндердің саны жазылып көрсетіледі)

8. Төлемнің үлгісіө_______________________________________________________
(ақша аудару, қолма қол есеп айырысу, аккредитив)

9. Төлемнің түрлері мен мерзімдері__________________________________
(төлемдердің қалай төленетіні
__________________________________________________________________________

және оларды төлеудің мерзімдері: авансытық төлем, ағымдағы төлемдер, _______________________________________________________________

а қ ы р ғ ы т ө л е м )

10. Төлемнің алдынан келетін қажетті құжаттар:_____________________
(есеп-фактура немесе _______________________________________________________________
орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісі, немесе с.с.)

11. Жұмыстарды уақытында аяқтамағаны үшін айып төлем сомасы_________
(жұмыстарды _______________________________________________________________
аяқтаудағы әрбір кешіктірген күн үшін шарттың жалпы сомасының %-і _______________________________________________________________
к ө р с е т і л е д і )

12. Шарттың тілі__________________________________________________
(шарт қай тілде жасалынатыны көрсетілуі тиіс)

Конкурсты ұйымдастырушы (тапсырысшы) Шарттың Ерекше шарттарына кірмеген кез келген басқа да шарттарды енгізуге құқылы (3-ші қосымша).

5 қосымша

Кімге____________________________________________________________
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен___________________________________________________________
(ықтимал өнім берушінің атауы)

**Конкурсқа қатысуға өтінім**

_______________________________________________________________
(конкурстың атауы)

конкурсын өткізу жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарап, оның қабылданғандығы осымен куәландырылады______________________________
(ықтимал өнім берушінің атауы)

мына жұмыстарды орындауды жүзеге асыруды ұсынады:_________________
(орындалатын ________________________________ ___________________________________
жұмыстардың егжей-тегжейлі сипаттамасы)

конкурстық құжаттамаға сәйкес, жалпы сомасы_________________________ _______________________________________________________________
(цифрлармен және жазумен)

**Осы конкурстық өтінім мыналардан тұрады:**

1.________________________________________________________________

2.____________________________________________________________
3.____________________________________________________________
4.____________________________________________________________
5.____________________________________________________________
6.____________________________________________________________
7.____________________________________________________________
8.____________________________________________________________
9.____________________________________________________________
10.___________________________________________________________

Біз, біздің конкурстық өтініміміз ұтып шыққан деп танылған ретте, тауарлар жұмыстарды орындауды ______________________ күн
( ж а з у м е н )
ішінде бастауға және осы конкурстық өтінімде көрсетілген барлық жұмыстарды орындау біздің конкурстық өтінімімізді ұтып шыққан деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап _________________
( ж а з у м е н )
күн ішінде аяқтауға міндеттенеміз.

Біз конкурстық құжаттамада көрсетілген төлемнің базалық ережелерімен келісеміз. Төлемнің мынадай балама ережелерін ұсынамыз:______
___________________________________________________________
_______________________________________________________________
(төлемнің балама ережелері, егер олар бар болса, тізіп көрсетіледі) және бұл орайда мынадай мөлшерде баға шегерімін береміз_____________
_______________________________________________________________
_______________________________________________________________
(ақша түрінде көрсетіледі, жазумен)

Біздің конкурстық өтініміміз танылған ретте, біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді* шарттың жалпы сомасының _______ проценті болатын сомада енгіземіз.
( ж а з у м е н )

Осы конкурстық өтінімнің конкурстық өтінім ашылған күннен бастап_________ күн ішінде күші болады.
( ж а з у м е н )

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы конкурстық өтінім оны ұтып шыққан деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқарады.

________________________________________ атынан және тапсыруы
(ықтимал өнім берушінің атауы)
бойынша конкурстық өтінімге қол қоюға барлық өкілеттігі бар

___________________________ ___________________________
*(Қолы, күні, айы, жылы)* *(Лауазымы, аты-жөні)*
М.О.

* егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделген болса, көрсетіледі.

6 қосымша

**Біліктілік мәліметтері**
**(ықтимал өнім беруші толтырады)**

1. Қатысушының заңды статусы____________________________________________
(мемлекеттік тіркеу жөніндегі құжаттардың көшірмесі қосылады)
Тіркеу орны:___________________________________________________________
Жұмысының негізгі орны:_______________________________________________
_______________________________(-ға,-ге,-қа,-ке) лицензия N _________
(лицензия көшірмесі қоса беріледі)
Конкурстық өтінімге қол қою құқығы мен конкурсқа қатысу құқығына уәкілеттіөкілге берілген сенімхат____________________________________
(қоса беріледі)

2. Соңғы үш жылда орындалған жұмыстардың жалпы көлемі, теңге бойынша
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

3. Соңғы үш жылда бас мердігер ретінде жасалған ұқсас сипаттағы орындалған жұмыстар.
Бағасы теңге бойынша көрсетіледі.
___________________________________________________________________________
Объектінің атауы!Тапсырысшылардың атауы мен!Жұмыстардың ! Шарттың
мен орналасқан ! олардың телефондардың !түрлері мен !(контракт-ң
жері ! нөмірі !объектілердің! бағасы
! ! аяқталу жылы!
___________________________________________________________________________
! ! !
___________________________________________________________________________
! ! !
___________________________________________________________________________

4. Жұмысты орындау үшін Мердігерде келесі жабдықтардың бар болғаны аса маңызды. Қатысушы төменде қойылған сұрақтарға жауап беруге тиіс:
___________________________________________________________________________

| Жабдықтардың түрі | Моделі мен шыққан жылы | Бар бірліктердің саны | Жағдайы (жаңа, жақсы, нашар) | Жеке меншік иелігінде, жалға алынған (кімнен), алынады (кімнен) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |

5. Шартты жүзеге асыру үшін ұсынылған маңызды лауазымдағы қызметкерлердің біліктілігі мен тәжірибесі.

| Лауазымы | Аты-жөні | Жұмыс өтілі | Ұқсас жұмыстардағы тәжірибесі (жыл) |
|---|---|---|---|
| Мекеме басшысы | | | |
| Бас инженер | | | |
| Учаске бастығы | | | |

6. Негізгі мердігердің қарамағындағы кәсіпорындар (бар болғанда)

| Жұмыстардың бағдары | Қосалқы мердігер (атауы, мекен-жайы, телефоны) | Ұқсас жұмыстарды орындау тәжірибесі |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

7. Қаржы ресурстарына кіруге мүмкіндігі (ақшалай, несиелік қаражаттар және т.б.). Растайтын құжаттардың көшірмелері төменде аталып өтеді және қосылады.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

8. Конкурс ұйымдастырушы ұсынымдар алу үшін хабарласа алатын

қатысушының банкісінің атауы, мекен-жайы, телефонның, телекс пен телефаксының нөмірі.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

9. Қатысушы кіріскен ағымдағы сот анықталулары туралы мәлімет.

| Анықталудың басқа тараптары | Таластың нысанасы | Таласқа түскен сомасы, теңге бойынша |
| --- | --- | --- |
| | | |
| | | |

10. Ұсынымдар туралы мәліметтер. Ұсыным хаттары, басқа да заңды және жеке тұлғалардың сын-пікірлері аталып өтіліп, қоса беріледі.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

11. Ұсынылып отырған жұмыстардың тәсілдері мен кестесі (қоса беріледі).

12. Өнім беруші өзінің Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының барлық біліктілік талаптарына сәйкестігін растайды.

Біліктілігім туралы барлық мәліметтерді растаймын.

*Қолы* ____________________

М.О.

*Лауазымы* _______________ _________________________

*(Аты-жөні)*

7 қосымша

**(Ықтимал өнім берушінің атауы) ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің Бағалар кестесі**

| | Жұмыстардың атауы | | |
| --- | --- | --- | --- |
| 1. Қысқаша сипаттама | | | |
| 2. Өлшем бірлігі | | | |

3. Бірлік бағасы, -да, -де ! ! !

4. Саны (көлемі) ! ! !

6. Жалпы бағасы, -да, -де ! ! !

соның ішінде: ! ! !

6.1. Тасымалдау құны ! ! !

6.2. Сақтандыру құны ! ! !

6.3. Кеден бажын төлеу ! ! !

6.4. Салық төлеу ! ! !

6.5. Салық төлеу ! ! !

6.6. Алымдарды төлеу ! ! !

6.7. ! ! !

6 . 8 . ! ! !

7. Жинақтаушы детальдардың, ! ! !
міндетті қосалқы бөлшектердің ! ! !
және пайдаланудың бастапқы ! ! !
кезеңі ішінде өлшем бірлігіне ! ! !
қызмет көрсету құны ! ! !

соның ішінде: ! ! !

7.1. ! ! !

7.2. ! ! !

8. Басқа да пайдалану шығындары ! ! !

_________________        ___________________________
*(Қолы)*                    *(Лауазымы, аты-жөні)*

М.О.

8 қосымша

**Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету нысаны**
**(банктік кепіл)**

Банктің атауы:__________________________________________________
(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге:_________________________________________________________
(конкурсты ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

**N ______ Кепілдік міндеттеме**

_________________                    "____" ________________ ж.
(орналасқан жері)

Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын ___________________________
___________________________________________________________________
(ықтимал өнім берушінің атауы)
___________________________________________________________________
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)
ұйымдастырылатын ____________________________________ сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысатындығынан және жалпы сомасы ______________
(жазумен)
теңге болатын__________________________________________________
(орындалатын жұмыстардың атауы және көлемі)
_______________________ өткізуді (жұмысты орындауды) жүзеге асыруға әзір екендігінен хабардар болдық.

Жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі _____ ж. "__" ___________конкурстық құжаттамамен ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі банктік кепілдік түрінде көзделген.

Осыған байланысты біз _________________________ өзімізге Сіздің
(банктің атауы)
талап етуіңіз бойынша, сондай-ақ Өнім берушінің:

- конкурстық өтінімдерді тапсырудың ақырғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері шақырып алған немесе өзгерткені;

- белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймағаны;

- конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізбегені туралы жазбаша растама бойынша сізден төлеуге арнап алынған жазбаша талап бойынша сомаға тең______________________

___________________________________________________________________

(сомасы цифрмен және жазумен) төлеу үшін

қайтарылып алынбайтын міндеттеме аламыз.

Аталған кепілдік міндеттеме конкурстық комиссияның Өнім берушінің конкурстық өтінімін қабылдауға тиісті сәтінен бастап күшіне енеді.

Аталған кепілдік міндеттеме Өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімі күшінің ақырғы мерзіміне дейін қолданылады және бізге бұл құжаттың қайтарылғандығына не қайтарылмайтындығына қарамастан, егер Сіздің жазбаша талап етуіңізді біз осы күннің соңына дейін ала алмайтын болсақ, автоматты түрде толық күшін жояды.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының зандарымен реттеледі.

*Кепілдердің қолы мен мөрі* *Күні мен мекен-жайы*

9 қосымша

**Мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз ету нысаны**
**(банктік кепіл)**

Банктің атауы:_______________________________________________________

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге:___________________________________________________________

(тапсырысшының атауы мен деректемелері)

**N ______ Кепілдік міндеттеме**

_________________ "____" _________________ ж.

(орналасқан жері)

Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын____________________________

___________________________________________________________________

(өнім берушінің атауы)

___________________________________________________________________

(орындалатын жұмыстардың сипаттамасы) жеткізуге (орындауға) арналған мемлекеттік сатып алу туралы _________ ж. N _____________ Шарт жасасқаны назарға алына отырып және осы Шартта Сіз Өнім беруші Шарттың орындалуын жалпы сомасы ____ теңге болатын банктік кепіл түрінде орындауды қамтамасыз етуді енгізетіндігін көздедіңіз. Осыған байланысты біз ________________ осы арқылы жоғарыда аталған

(банктің атауы)

Шарт бойынша кепіл болып табылатындығымызды растаймыз және өзімізге Сіздің талап етуіңізге тең соманы, Сізден төлеуге арналған жазбаша талап, сондай-ақ Өнім берушінің Шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны туралы жазбаша растама алынған бойда _________________________________төлеу үшін

(сомасы цифрмен және жазумен)

өзімізге қайтарып алынбайтын міндеттеме аламыз.

Аталған кепілдік міндеттеме оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтіне дейін қолданылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

*Кепілдің* *Күні мен мекен-жайы*
*қолы мен мөрі*

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі
агенттігі Төрағасының
1999 жылғы 24 ақпандағы
N 22 бұйрығымен бекітілген

## Тауарларды/қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы Үлгілік шарт

Осы тауарларды/қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы Үлгілік Шарт (бұдан әрі - Шарт) Тапсырысшы мен Өнім беруші тауарларды/қызмет көрсетулерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті қаражатының есебінен жүзеге асыру барысында Тапсырысшы мен Өнім беруші арасында шығатын құқылық қарым-қатынастарды реттейді. Тапсырысшы, осы шартты қолдана отырып, конкурс қорытындыларының хаттамасы негізінде өзінің тауарларды/қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын әзірлеуге міндетті. Бұл жағдайда, осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі

заңдарына, Тапсырысшының Конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің Конкурстық өтінімне және Конкурс қорытындыларының хаттамасына сәйкес болу тиіс. Осы Шартта курсивпен бөлініп жазылған түсіндірмелерді Тапсырысшы толтыруы тиіс.

____________________ __________ ж."_____"______________
(орны: қала, село)
_________________________________, бұдан әрі Тапсырысшы деп аталатын
(Тапсырысшының толық атауы)
тұлға_________________________________________________________________
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, толық аты-жөні)
бір тараптар және ___________________________________________________
(Өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы)
_________________________, бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын тұлға _______
_________________________________________________________________
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, толық аты-жөні)
________________________________ негізінде іс-әрекет жасайтын, екінші
(Жарғының, Ереженің және т.б.)
тараптан, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңы мен _________________ қаласында ______ ж. "_____" _______ N _________ сатып алу жөніндегі (конкурстың атауы) конкурстың қорытындыларының Хаттамасы негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі - "Шарт") Шарт жасасты және төмендегідей келісімге келді:

1. Конкурсты ұйымдастырушы - (конкурсты ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) сатып алу жөнінде (тауарлардың/қызметтердің қысқаша сипаттамасы) Тапсырысшы үшін конкурс жариялады да Өнім берушінің (сомасы цифрмен және жазумен көрсетіледі) сомасы мөлшерінде осы тауарларды/ қызметтерді жеткізу жөніндегі Конкурстық өтінімін қабылдап алды (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы).

2. Осы шарттың терминдері мен сөздері Тапсырысшы Өнім берушіге конкурстық құжаттамамен қоса берген Жалпы және Шарттың Ерекше шарттарында берілген мағналарын сақтайды.

3. Төменде аталып өтілетін құжаттар мен онда аталған шарттар осы Шартты құрайды да оның бөлінбес бөлшегі болып есептеледі, яғни:

1) осы Шарт;
2) Өнім берушінің Конкурстық өтінімі;
3) Сатып алынатын тауарлар/қызметтер тізбесі;
4) Техникалық мамандар;
5) Шарттың Жалпы шарттары;
6) Шарттың Ерекше шарттары;

7) Біліктілік туралы мәліметтер;

8) Шартты орындауды қамтамасыз ету (бұл тармақша конкурстық құжаттамада Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда көрсетіледі).

4. Өнім беруші сату мен жеткізуді (көрсетуді), ал Тапсырысшы тауарды (қызметті) саны мен сапасы осы шарттың бөлінбес бөлшегі болып табылатын, Өнім берушінің Конкурстық өтінімі мен Тапсырысшының (конкурсты ұйымдастырушының) Конкурстық құжаттамасына сәйкес қабылдап алумен төлеуді міндетке алады.

5. Осы Шарт бойынша төлемдер Шарттың Ерекше шарттарында аталып өткен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

6. Өнім беруші Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізуді Конкурстық құжаттамада көзделген нысаны, көлемі мен шарттары бойынша міндетті.

7. Осы Шарт Тапсырысшы оны қазынашылықтың жергілікті органдарында тіркегеннен кейін және Өнім беруші Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

8. Тараптардың мекен-жайлары мен реквизиттері:

| Тапсырысшы | Өнім беруші |
|---|---|
| ______________________ | ______________________ |
| (толық атауы) | (толық атауы) |
| ______________________ | ______________________ |
| (мекен-жайы) | (мекен-жайы) |
| ______________________ | ______________________ |
| (телефон, факс) | (телефон, факс) |
| ______________________ | ______________________ |
| (аты-жөні) | (аты-жөні) |
| ______________________ | ______________________ |
| (қолы) | (қолы) |
| ______ж. "____"_________ | _________ж. "____"___________ |
| М.О | М.О. |

Қазынашылықтың жергілікті органдарында тіркелген күні, жылы, айы:___

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 24 ақпандағы N 22 бұйрығымен бекітілген

**Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы**
**Үлгілік шарт**

Осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы Үлгілік Шарт (бұдан әрі - Шарт) Тапсырысшы мен Өнім беруші жұмыстарды орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті қаражатының есебінен жүзеге асыру барысында Тапсырысшы мен Өнім беруші арасында шығатын құқылық қатынастарды реттейді. Тапсырысшы, осы шартты қолдана отырып, конкурс қорытындыларының хаттамасы негізінде өзінің жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын әзірлеуге міндетті. Бұл жағдайда осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңдарына, Тапсырысшының Конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің Конкурстық өтініміне және Конкурс қорытындыларының хаттамасына сәйкес болуы тиіс. Осы Шартта курсивпен бөлініп жазылған түсіндірмелерді Тапсырысшы толтыруы тиіс:

__________________ __________ ж. "_____" _____________
(орны: қала, село)

________________________________, бұдан әрі Тапсырысшы деп аталатын
(Тапсырысшының толық атауы)
тұлға ______________________________________________________________
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, толық аты-жөні)
бір тараптар және___________________________________________________
(Өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы)
_______________________, бұдан әрі Мердігер деп аталатын тұлға _____
____________________________________________________________________
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, толық аты-жөні)
______________________________ негізінде іс-әрекет жасайтын, екінші
(Жарғының, Ереженің және т.б.)
тараптан, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңы мен ________________ қаласында ______ ж. "_____" _______ N _________ сатып алу жөніндегі (конкурстың атауы) конкурстың қорытындыларының Хаттамасы негізінде мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі - "Шарт") осы Шарт жасасты және төмендегідей келісімге келді:

1. Конкурсты ұйымдастырушы - (конкурсты ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) сатып алу жөнінде (тауарлардың қысқаша сипаттамасы) Тапсырысшы үшін конкурс жариялады да Өнім берушінің (сомасы цифрмен және жазумен көрсетіледі) сомасы мөлшерінде осы жұмыстарды орындау жөніндегі Конкурстық өтінімін қабылдап алды (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы).

2. Жұмыстар Жоба бойынша орындалады (жобаның атауы, объектінің атауы мен орналасқан жері).

Бас Жобалаушы (ұйымының атауы мен мекен-жайы).

3. Осы шарттың терминдері мен сөздері Тапсырысшы Мердігерге конкурстық құжаттамамен қоса берген Жалпы және Шарттың Ерекше шарттарында берілген мағыналарын сақтайды.

4. Төменде аталып өтілетін құжаттар мен онда аталған шарттар осы Шартты құрайды да оның бөлінбес бөлшегі болып есептеледі, яғни:

1) осы Шарт;

2) Мердігердің Конкурстық өтінімі;

3) Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі;

4) Техникалық мамандымдар;

5) Шарттың Жалпы шарттары;

6) Шарттың Ерекше шарттары;

7) Біліктілік туралы мәліметтер;

8) Шартты орындауды қамтамасыз ету (бұл тармақша конкурстық құжаттамада Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда көрсетіледі).

9) Жұмыс сызбалар (сызбалардың нөмірлері мен күні, жылы, айы).

| Құжат | Атауы | Нөмірі мен күні, жылы, айы |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

10) Толықтырулар (олардың бар болғанында):

| Құжат | Атауы | Нөмірі мен күні, жылы, айы |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

11) Басқа да құжаттар: (Шарттың Жалпы ережелеріне сәйкес Тапсырысшы Шарттың құжаттарына енгізгісі келген қосымша құжаттар көрсетіледі)

___________________________________________

___________________________________________

5. Мердігер осы Шартта көзделген барлық жұмыстарды орындауды қамтамасыз етуді міндетке алады.

6. Жұмыстардың басталу мерзімі осы Шарттың күшіне ену күні болып табылады.

7. Мердігер осы Шарт бойынша (күндердің саны көрсетіледі) күнпарақтық күннен кешіктірмей барлық жұмыстарды аяқтауды қамтамасыз етуді міндетке алады.

8. Егер Тапсырысшы Шарттың мезгілдерінде Шартты орындай алмаса, Мердігер Шарттың Ерекше шарттарында аталып өткендей жұмыстардың аяқталуын кешіктірген әрбір күнпарақтық күнге Тапсырысшыға айып төлем төлейді.

9. Тапсырысшы Мердігерге орындалған жұмыстар үшін осы Шартта аталған валюта мен сомада төлеуді міндеттеледі.

10. Осы шарт бойынша төлемдер Шарттың Ерекше шарттарында аталған тәртіппен жүргізіледі.

Барлық жұмыстарды орындағаннан және кемшіліктер мен ақаулықтардың тізбесі (бұдан әрі - Ақырғы төлем) жойылғаннан кейін, Тапсырысшы Мердігер орындаған жұмыстардың сомасына ай сайын (немесе басқа кезең көрсетіледі) орындалған жұмыстардың бағасының 10 % ұстап қалады.

11. Осы Шарт бойынша Ақырғы төлемді Тапсырысшы осы Шарт бойынша және оның жұмыстарды түзету жөнінде барлық міндеттерін толық орындағаннан кейін Мердігерге төлейді.

12. Ақырғы төлемді Тапсырысшы шарттың Ерекше шарттарында көрсетілген мерзімде төлейді. Егер кешіктірсе, Тапсырысшы Мердігерге Шарттың Ерекше шарттарында аталған мөлшерде айыптөлем төлейді.

13. Мердігер Шарттың орындалуының қамтамасыз етуін Конкурстық құжаттамада көзделген үлгіде, мөлшерде және шарттарында енгізуге міндетті (егер мұндай енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе).

14. Осы Шартты Тапсырысшы немесе Мердігер Шарттың Жалпы шарттарына сәйкес бұза алады.

15. Шарттың Жалпы шарттарына сәйкес Тапсырысшы немесе Мердігер жұмыстарды тоқтата алады.

16. Осы Шарт Тапсырысшы оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылығының жергілікті органдарына тіркегеннен кейін және Мердігер Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін (егер мұндай енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе) күшіне енеді.

17. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

| Тапсырысшы | Өнім беруші |
|---|---|
| ___________________________ | ___________________________ |
| (толық атауы) | (толық атауы) |
| ___________________________ | ___________________________ |
| (мекен-жайы) | (мекен-жайы) |
| ___________________________ | ___________________________ |
| (телефон, факс) | (телефон, факс) |
| ___________________________ | ___________________________ |
| (аты-жөні) | (аты-жөні) |
| ___________________________ | ___________________________ |
| (қолы) | (қолы) |
| ____ж. "____"_________ | _________ж. "____"___________ |

М.О М.О.

Қазынашылықтың жергілікті органдарында тіркелген күні, жылы, айы: ____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК